

A x m e t a y e z o v

БАЛА



МУХТАР

АХМЕТ ӘҮЕЗОВ

Б А Л А

МҰХТАР

Жазып алған Жақынбек Аяшев

*„Назары“ баспасы
Алматы 1967*

*Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтың лау-
реаты, республикамыздың аса көрнекті жазушысы
Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың тұғанына биыл
70 жыл толып отыр. Бұл кітапша сол күнге арнал
шығарылды. Kitap авторы — жазушының ағасы
Ахмет Әуезов.*

АЛҒАШҚЫ СӨЗ

Мұхтар! Бұл есімді еске алсам асқар Шыңғыс пен Қаратай көз алдыма келеді көлбендең. Аялап, мәпелеп өсірген алтын үя тауларым Мұхтардың кіршіксіз қылышын көз алдыма алып келіп, жайып салады. Тай-құлындай тебіскен Мұхтармен қайта ойнағандай боламын, қызығына елітемін. Сол сәтте ақын Омар Хайямның мына бір өлеңі қөңілге орала кетеді:

«Бұгінгі заман өтпей ме,
Ертеңгі дүние жетпей ме,
Жылдар қуып жылыстал,
Фасырлармен кетпей ме,
Барлығы өлсе, жоғалса,
Ұш түрлі нәрсе жоғалмас,
Өнер мен ғылым, ақындық —
Жыл тубінде — алтын тас».

Әңгімені әлімнің келгенінше өткен күн, кәрі Шыңғыс атырабынан бастайын. «Бітпеген әлі суретті, замана өзі мүсіндер...»

БҰЛ — ТАРИХ

Өскенбайдың Зереден туған баласы Құнанбай 1852 жылдар шамасы экесі Өскенбайға ас берген. Бала кезімізде Балта ақынның Өскенбай асында баласы Құнанбайға айтқан мына өлеңін Тұраштан (Тұрағұл Абайұлы) естігеніміз бар.

«Ұш жүзді жиып, ас бердің,
Келістіріп сәйкесін.
Арғынды түгел биледін,
Алшысы мен тәйкесін.
Келсек-келде кез болдын,
Кейи де беріп қайтесің».

Дүбірлі Өскенбай асы Құнанбай атағын көпкө жайған. Бұл атақ Қаратаудың алқабында жатқан біздің бабамыз — Бердіқожа Әbdіқожа ұлына да тез жетеді.

Әbdіқожаның жалғыз ұлы Бердіқожа — ескіше көп оқыған, ата-баба жолын қуып, Қаратай атырабындағы елдің сыйлы адамы болған. Өзі тілді, шешен, өжет кісі болған екен.

Шамасы 1852—1853 жылдары бабамыз Бердіқожа Құнанбайдың даңқын сырттай естіп, Шыңғыс тауына, Құнанбай ауылына Абылғазы екеуі келеді.

«Адам сөйлескенше, жылқы кісінескенше» дегендей, Құнанбай мен бабамыз Бердіқожа аз сөйлескен соң бір-бірін түсініседі. Бердіқожаның сөз саптауы, қажырлы қайраты Құнанбайға бірден ұнайды. Содан Абылғазымен екеуі екінші жыл Тобықты елінде, Құнанбай қолында тұра береді.

Бабамыз Бердіқожа аз уақыттың ішінде Құнанбайдың қолайына әбден жағып, ел ішінің беделді, қадірлі адамы болып кеткен.

— Елден келгеніме көп айдың жүзі болды,— дейді бір күні бабамыз Бердіқожа Құнанбайға.— Бала-шағаның басы бар еді, соларды көшіріп алып келейін.

Құнанбай Бердіқожаның ойына бірден қосыла қоймайды. Ол еліне барса келмей қала ма деген күдікте болады. Арадан бірнеше күн өткен соң Құнанбай Бердіқожаға былай деп жауап берген:

— Қожеке, мен саған үйреніп қалған сияқтымын. Сен кетсең көнілім алаң, қолым шолақ болып қалатын тәрізді.

— Онда өзініз біліңіз.

— Мен білсем, сіз ауылда болыңыз, ісінізді беймалал жалғай беріңіз. Өйттетінім осы шақта жол қатерлі болған. Сондықтан мен жол, жән білетін сенімді адам, күш-көлік жіберіп бала-шағанды аман-есен келтіріп беруді міндетіме алайын.

Бабамыз Бердіқожаның бес ұл, төрт қызы болған. Үлкені Усен, қалғандары Бурахан, Әуезхан, Самархан, Кенжехан, Нұрганым...

Бердіқожаға үйіне хат жаздырып алып, үйі сиятын көлік алып, Қаратаяға Майқы кетеді.

Құнанбай Бердіқожаға кезінде қолдан келген жәрдемін, жақсылығын аямаған. Бердіқожаның қоныстануына жер шұрайы Архатты береді...

Арадан біраз уақыт өткеннен кейін бабамыз Бердіқожаның сұлу қызы — Нұрганымды Құнанбай өзіне кіші әйелдікке алған.

Ескі әдеп-ғұрып бойынша қараға қожа қызын бермейді. Бабамыз Бердікожа бұл дәстүрді, қожаның қараға қыз бермеуін ұстамаған адам. Құнанбайға Нұрганымды беріп, ұлы Әуезге болса қараның қызын, Дінәсілді алып берген. Бертін келген соң, Абай мен Әуездің мақсұты жақындықты қүшету еді.

Оған мысал келтірейік: менің қарындасты Райханды Абайдың ұлы Тұрағұлдың Жебешіне берген. Ағамыз Арынбектің алғаны Құнанбай туысы Рысай қызы Айтаңсық. Ал Қасымбектің жұбайы Фалия Ысқақтың Ахметбегінің қызы. Ағзамның жұбайы Фазиза болса Әлімқұлдың (Ақылбай ұлы) қызы. Мұхтардың әйелі Мағауияның қызы — Қемилә. Менің жұбайым Халима болса Тұрағұлдың қызы.

Атам Әуез Абайдан 15 жастай үлкен екен. Солай болса да екеуінің әзілі жарасқан дос еді. Атам Әуездің сөзін, айтқан ақылын Абай унемі тындалап, қоштап отыратын. «Үлкен қожа», «Әуке аға» деп, әр жерде-ак өз ойын ашық айтып, атаммен сөйлесіп отыратын. Ақынның 1896 жылы жазған «Разаққа» деген өлеңін еске алайықшы.

«Мына үйде отыр Разак,
Мәні-жайын айтар ма екен,
Шақырып алып сұрасақ,
Үлкен қожа — ортан қол,
Өзге қожа — шынашак...»

Міне, бұл өлеңден Абайдың атам Әуезге деген ықыласын, есен-саулығына деген құштар ойын білеміз.

Атам Әуез Абайдың жазған өлеңдерін жүрттады үлкен сүйіп оқитын. Кезінде атамның Абайдың бет алысын байқап, өлеңдерін құштарлана оқуының да өзінше сырды барды. Атам Әуез әсіресе түрік әдебиеттерін жақсы білетін. Сонымен бірге парсы әдебиеттерінен хабары мол, аса зейінді кісі еді...

Қызылшоқыға Шәкерім (Құнанбайдың үлкен әйелі Құнкеден туған Құдайбердің баласы) келіп, шүрайлы алқапқа көзін тігіп, үлкен қожа ауылына қаһарын төкті. Қөптен бері ауыл аралас, қой қоралас жатқан атам Әуездің ауылына Шәкерім бүлік ала келіп, әлек салды.

— Менің әкем Құдайберді де Құнанбайдан туған. Менен басқа Құнанбайдың бар балалары қалаған жерлерінде отырғанда, мен неге тиісті үлесімді алмаймын. Мына қожалар отырған Қызылшоқы тап маған лайық. Алып беріндегі. Болмаса туыс емес дегендерің деп білем,— деп, Шәкерім Абайға алышта жатып сөз салды.

Абайдан жылдам жауап алмаған Шәкерім арнайы Абайға өзі келді. Амандық біліскен соң Шәкерім көп бөгелмей, келген жұмысын айта отырды.

— Абай аға, өзіңің хабарың бар,— деді Шәкерім.— Марқұм тәтеміз (балалары Құнанбайды тәтеміз дейтін) Қи-сықтың Жұмақанымен жаулыкты тастап, қуда болған. Ақылбайға Ізханды айттырғанда Жұмақанның қалың малға сұрағаны осы Архат болған. Тәтем Жұмақанның бұл тілегін орындаپ, Архатты оған беріп, қожаларды Қызылшоқыға көшірген еді рой. Мен саған-ау, Абай, жаңың ауыратын нәрсөні тілек етіп отырғаным жок. Өз сыбағам. Егер мені туысқаным десең, Қызылшоқыны маған бер. Болмаса менен без де, кірме қожаңмен бола бер.

— Уа, сөзің құрсын, Шәкерім! — деп, Абай қатты ренжіді.— Аларманға келгенде сөзді саптай білесің-ау, шындықты жойып жібересің-ау. Болмаса Архаттан қожалардын Қызылшоқыға келуі былай емес пе еді. Бердікожа қайтыс болғаннан кейін, Нұрғанымның тілегі бойынша тәтем қожаларды жақын жерге келуіне рұқсат берген соң, көшіп келмеп пе еді. Осыны өзін білуші едің рой. Әдейі ұмытып, Қызылшоқыны алу үшін шындықты бұрмалап отырғаның не?..

Бұл әңгіме әсіреле Абайға жайсыз тиді. Абай үлкен толғаныс үстінде. Өйтпегенде ше? Бірі — бауыр, екіншісі — әркез кіршіксіз адамгершілік, парасатымен көзге түскен Әуез досы...

Қаңқу сөз, Шәкерімнің Абайға қойған талабы атам Әуезге де келіп жетеді.

— О тәнірім! Мына Шәкерім Құнанбай көзі кетісімен мұны істеп отыр. Абай кеткеннен кейін бала-шағаларымды не күйге түсірмес дейсің. Тіпті Шыңғыс тауының маңайна да жолатпас. Кой, келешек үрпағымның білегі жуандардан зорлық көрмейтін бір амалын іstemесем болмас,— деп, Әуез атам атқа қонған екен.

Бет алысы Жидебай. Айнала кен жазық. Дағыған дала. Аспан ашық. Терістіктен соққан самал жел бар. Үлкен ойға қиял серік. Атам торы тәбелді тебініп, Жидебайды Абайға жетіп пікірлескелі асығып келеді. Ауық-ауық өзінше сейлел те қояды.

— Еңлік — Қебектің мекені Орда! — дейді ол ұзактағы тау жоталарына көз тастап.— Уа, Бақшайыш бабамның аруағы, қолдай көр! Көз көрген қадірлестер кетпей тұрып, балаларымды орысша оқытпасам, Құнанбай балаларымен терезем тен түсе алмас, түбінде қорлық көреміз... Осы Абай

орыс мәдениеті десе ішкен асын жерге қояды. Байқасам — бірдеңені біледі.

Атам торы төбелді ағызып, досы Абайдың алтын маржан мына бір қара сөзін ішінен айтып, тау алқабын дүбірлетіп келеді:

«...Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да — бәрі орыста... Залалынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, окуын, ғылымын білмек керек... Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады... Орыстың ғылымы, өнері — дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі...

...Тұрасын ойлағанда: балаңа қатын әперме, енші берме, барлығын салсаң да, орыстың ғылымын үйрет! Мына мен айтқан жол — мал аяр жол емес. Құдайдан қорық, пендеден үял, балаң бала болсын десең — оқыт, мал аяма! Әйтпесе бір ит қазақ болып қалған соң, саған рақат көрсетер ме? Өзі рақат көрер ме? Я жұртқа рақат көрсетер ме?»

Жидебайға тақап қалған атам ат басын тежеп, әлі қалың ой құшағында келеді.

«Осы Абай Халелге (Халиуллаға) жазған хатын маған да әлденеше рет оқып берген еді. Сонда Абай «Хатты тәтеме оқып бердім, дұрыс көрді» деген еді-ау. Иә, Құнекең де:

— Әрқашан құдай тағалаға сыйынып, талап қыла берсін,— депті ғой...

Міне, орысша оқып, білім алуды Абай түгіл Құнанбайдың өзі де мақұлдап жек көрмей отыр. Сонда...»

— Ау, Абай! Қожекең келе жатыр білем,— дейді Ділда.

— Ой, тұрындар! Атын байлап, түсіріп алындар,— дейді Абай.

Бәрі де Абай айтқандай болды. Алты қанат ақ үйдің есігін шалқайта ашып, атам Әуез үйге кіріп келгенде, Абай орнынан тұрды.

— Ассалаумағалейкүм! — деп, атам Әуез үйге сәлем бере кіреді.

— Уа, ассалаумағалейкүм, Әуке аға,— деп, Абай қарсы сәлем беріп, жанына отырғызды.

Ауылдың жай-жапсарын сұрап, амандығын білген соң, Абай былай дейді:

— Қожеке, ойланған-толғанған түріңіз бар ғой жүзінізде.

— Иә, солай, Абайжан. Құдайбердіңің Шәкерімі Қызылшоқыны даулап жатыр. Топырағың торқа болғыр Құнекең нің мына бір сөзі есімнен кетпейді:

«Құл мен қожа майданда тенеледі,
Жас пен кәрі білімде тенеледі,
Бай мен кедей жомарттықта тенеледі,
Жақсы мен жаман өлгендे тенеледі»,—

деуші еді.

— Ау, Әуке аға! Сонда сіз Шәкөрімге өкпелеп, майданға шықпақшысыз ба? Өзініздің хабарының бар,— деді Абай сәл кідіре сөйлеп.— Ел арасында қанқу, жел сөз қаулап жур. Өз досын қорғай алмай, аз үйлі қожаны ары-бері көшірді деген атак маған да оңай тиіп отырған жоқ. Амалым жоқ. Бірақ қолдан келген көмек-жәрдемімді аямаспын.

— Е, сенің Шәкөрім ойын қолдамайтыныңды жақсы білем. Сен мені Қызылшоқыдан зорлап көшірмейсің де, ренжітпейсің де. Оны тағы жақсы білем.

Абай мен атам Әуез тым-тырыс үнсіз отыр. Сөзді атам бастады:

— Абайжан, құлак сал! Қызылшоқы үшін Құнекеңнің балаларының арасына іріткі салғым келмейді. Заманының өзі оқығанды, білімдар болғанды қалап отыр. Максұттым — балаларым мен немерелеріме орыс білімін, орыс мәдениетін беру. Мына Қызылшоқы болса Семейге 250 шақырым. Бұл дөңгелек шаруа, қолы келте маған оңай соқпайды. Рұқсат етсең — Бөрліге бара қойсам деген ниетпен келдім.

— Әуке аға, мен де көптен бері сізден осыны күтіп едім,— деп, Абай балаша қуанады.— Иә, Халиулланың орысша білім алғанына менімен бірге қатты қызығып, құмартатыныңызды сезуші едім. Халел мырзаның талай жазған хатын оқыған едіңіз. Менің де аяулы інім Халелге жазған хатым сіздің қолыңыздан өтуші еді. Мына ойыңызға шын ризамын. Естілігіңізді және бір рет анықтадыңыз...

Абай мен атам Әуез шүйіркелесіп көп әңгімелеседі. Бағланың етін жеп, дәм-тұздас болады. Екеуі де арқынжарқын.

Атам Әуез жұруге ыңғайланаңып, тысқа шығады. Тұраш аттың шылбырын шешіп, аттандырайын деп жатқанда, Эйгерім келеді.

— Кожеке, Абаймен сөйлесіп, келіскеніңізді естідік,— деп, Эйгерім атамның қолын алады,— ниетіңізге жетіңіз, жаңа қонысыңыз құтты болсын! Құдайдан тілегеніміз де сол еді. Қыс қыстауымыз, жаз жайлайуымыз бірге болып, балаларымыз бірге өсетін болды.

— Қөп жаса, Эйгерім. Өркенің өссін. Алла тағала берді тілекті, Абайжан да келісті...

...Біз атадан бесеу, анадан төрт ағайындымыз. Атамның үлкен әйелі Дінәсілден Омарханның бір өзі.

Кәрі апам — Дінәсіл атамнан он жасы үлкен болған. Берегірек келген соң кәрі апам үй жұмысы, баладан бір жола қалады... Нұрғанымның көмегімен атам Сақышқа үйленген.

Атамның кіші әйелі Сақыштан төрт бала бар. Олар — Арынбек, Қасымбек, Ағзам және мен.

1897 жыл. Соңғы кездерде үлкен үйдің иесі Омархан түйе жұн шекпенін жамылып, күні бойы үнсіз жатып алатынды шығарды. Перзенттері Қорлықа, Рақия, Гүлсім, Зубайлә Омархан ағамды жан-жағынан қоршай, жамырап келсе де, ол көңіл көтеріп, жадырамайды. Қабағы салынқы. Еш нәрсеге елікпей, тұнжырайды да отырады.

Омархан ағамның қайғысына атам да ортақ. Атамның үйқысы сергек. Омархан баласының егде тартып, өзінің болса тұғырдан түсіп қартайғанын, арманының ұлғайғанын еске алады, ренжиді кеп...

Атамның тұн болса ойы кермек. Ұзақ тұн ой түбіне терең бойлап, көз ілмей бозартып таңды атқызады. Немерек көру атамның, бала сую Омархан ағамның үлкен армандарының бірі.

Күзем. Аулымыз қыс қыстауы Бөрліге жақын Аяққарағанда отыр. Кешқұрым Сақыш тынышсыздана бастайды. Мұны сезген атам қатты ыңғайсызданады. Ол үйде отыра алмай, өрістен атын алдырады.

— Ау, Қожеке, жол болсын! — деді кәрі апам,— үйде болғаныңыз жөн ғой. Сақыш толғақ үстінде жатыр.

Атам тым-тырыс үндемейді. Екі беті дуылдап, Әбай ауылына, Әйгерімнің үйіне тартып отырады. Сол күні балалардың кенжесі мен дүниеге келіппін.

Арадан он екі күн өтеді. Омарханның әйелі Нұржамал бір үйге кіріп, тысқа қайта шығып дамыл таптай жүр. Атам мен кәрі апамның екі қолы жағасында. Жақсы тілеу тілеуде. Үлкен шаңырақтың желбауы керегенің басына байланады. Нұржамал арқанға сүйене кетті. Сол сәтте інгалаған нәресте даусы естілді. Қәрі апам баланы жерден көтеріп, ашы үнімен дауыстап жіберді.

— Кожа-ау, қожа құдай берді! Ұл! Қіндігін Бәтимаға кестірейік.

— Мінез-құлқы жайдары, адад, момын келінім Бәтимаға кестіргенің дұрыс. Мә, немеремнің кіндігін өз пышағым мен кессін,— деп, атам қыннан пышағын суырып береді.

Сөйтіп, арадан он екі күн өткенде, Омархан ағамның үйінде екінші қуаныш қанат қақты.

Атам мен кәрі апам балаша қуанды. Атам ертеңіне «Келін мен немерелеріме сүйк тиіп қалады»,— деп қыстауға көшеді. Қыстауға көшумен бірге үлкен тойға да әзірлене бастайды. Жидебайдағы Абайға сүйінші сұратып, әрі тойға шақыртып ат шаптырып, арнайы адам жібереді. Сол күннің кешінде Бөрліге Абай келген-ді. Жетегінде күрең жорға ат.

— Әуке аға, бір емес үш қуанышыныздың баянды болуын тілеймін,— деді Абай.— Қуаныштарың қайырлы, бала, немерелеріңіздің кіндік бауы берік болсын!

— Өмірлі бол, Абай. Көп жаса. Келгеніңе рақмет,— депті атам.

— Мына немерелеріңіздің қуанышы сіздің қуанышыңыз, сіздің тойыңыз. Астыңызға мына күрең жорға, Әуке аға.

— Рақмет!

— Ал, үлкен немеренізге арнаған, орыс ақыны Лермонтовтан аударған өлеңім бар.

— Абайжан, өзің де өлеңді жазасың ғой,— деді кәрі апам.— Тұңғыш немеремізге өз өлеңінді неге арнамадың, өлең таппағандай әлдебіреудің өлеңін арнапсын.

— Женгемнің айтқаны дұрыс,— деді Абай.— Немеренізге өлең таппай қалғаным жоқ. Әуке аға, мына нәрестенің көңілін кір баспай, Лермонтовтың өлеңіндей таза болсын дегенім ғой.

— Болса болсын, таза болсын,— деген дауыстар естілді.

-- Абайжан, кәне, өлеңінді айтып жіберші,— депті атам.

Абай жігерлі дауыспен өлеңді бастады:

...Надандар былшылдайды, күп алмайды,
Үлкен жанның қиялын үға алмайды.
Теңізден таудай толқын соқса-дағы
Жағадағы жартасты жыға алмайды.

Құдай мықты жаратқан үлкен жартас,
Былш-былш еткен бет бұрып судан қайтпас.
Бұлытта сүйк дауыл, жаймен сырлас,
Өзгені жан екен деп сырын айтпас...

Абай өлеңі әнге үласыпты. Ән өрби түсіп, шілдехана тоғына үласқан. Той үстінде Абай, атам, кәрі апам жас нәрестеге «Мұхтар» деп ат қойған.

Қектем жадырап шықты. Аспан ашық. Күн жылы. Аппрель айының жайма-шуақ бір күні, ауыл жазғы жайлай Шыңғыс тауының сыртына көше бастады. Атам мен кәрі апамда тағат жоқ. Екеуінің айналдырғаны сегіз айлық Мұхтар. Олар көшуден екі-үш күн бұрын бас білгі, жуас атан түйені таңдал алып, жабы-қомшасын сайлаған-ды. Ау-

ыл үдерек көшкенде, әлгі түйеге киізден қоршау жасап, кәрі апам кебежеге отырды. Алдында Мұхтар.

Мұхтар мінген түйе көш басы болатын. Сондықтан менің анам Сақыш үнемі жетектеп отыратын. Ал атам болса көштен ұзамай, ауық-ауық келіп немересінің хал-жайын сұрап білетін.

Жазғы жайлауға жеткенше кәрі апам тұн ұйқысын төрт бөлді. Мұхтарды қарайтын сол. Ал Нұржамал болса Мұхтарды емізетін ғана ана.

— Апа, әбден қалжырадыңыз ғой,— деді Нұржамал көш Барлыбай өзенінің жағалауына келгенде.— Шыңғысқа барғанша баланызды мен қарайын.

— О не дегенің,— деп, кәрі апам реніш кейіп білдірді.— Мен шаршап-шалдығып жүргенім жоқ. Мұхтарды менен алғың келіп бара ма?

— Жоқ, апа, тіпті олай ёмес. Сізді аяғаным ғой.

— Нұржамал қалқам,— деп сөзге атам араласты.— Қемпір әлі ширақ, дем ала бер. Қемпір шаршаса, Мұхтарға мына мен қараймын ғой.

Ауыл Шақпак пен Бақанас жайлауының атырабын жайлап, Сарықөлден қоюыс тепті. Сол кезде Мұхтар аяғын апыл-тапыл басып, тілі шыға бастаған. Мұхтарды жерден көтеріп алғып, бауырына салған кәрі апам ешкімге ұстаптайды. Жас нәрестенің қылышын қызғанады.

— Айналайын Мұхтар, кімнен тудың?

— Кәрі апамнан тудым.

— Ал, кімнің баласысын?

— Атамның баласымын...

Немересінің бұл сөзін естіген қос қарияның қуанышында шек жоқ. Атам мен кәрі апам сылқылдан, рақаттанып күліп алған соң, әлгі сұрақты Мұхтарға және қояды.

— Анау кім?

— Нұржамал!

— Ол нең болады?

— Жеңешем!

— Омархан кімің болады?

— Ағам!

Міне, күн өткен сайын бала Мұхтардың тілі бола бастады...

Ауылымыз Бақанаста отыр. Уш жасқа келдік. Енді біз ауыл көшкенде атамның алдына мінуден қалдық. Атам өзі жуас, ашамай ерлі атқа мінгізетін болды. Мұнда екі аяғымыз үнемі қоржында болады. Мұхтардың шылбыры атамның, ал менің шылбырым болса Сақыш анамның қолында

болатын. Ерден мықтап ұстап, кейде қалғып, кейде ұйықтап, ереміз де отырамыз көшке.

Байқаймын, Мұхтар мен Біләл тізгінге ие болып, астындағы аттарын қалай болса солай еркін бұрып жүр... Әлі есімде. Ауыл Баканастан Сарықолге көшті. Атам мені атка мінгізді. Сақыш апам тағы да жетегіне алды. Ойымда дәнеце жоқ. Ат үстінде жайбарақат, баяғыдай бірде қалғып, ұйықтап келемін. Бірде атам шауып келіп шылбырымды Сақыштан алып, ердің басына мықтап байлады да: «Ал, Ахмет, мықталып отыр»,— деп атымды періп-періп жібергені. Ат шаба женелді.

— Өлдім, ойбай! — деген даусым тарғыл-тарғыл болып бір-ак шықты.

Ат көп ұзаган жоқ. Топ жылқыға келіп қосыла берді. Байқаймын, жығылар емеспін. Сол сэтте менің сонымда бір-екеу сақылықтап күліп келеді екен. Бұрыла қарасам — Мұхтар мен Біләл екен. Катты ұялдым...

АЛҒА ОЗЫП ҚЕТКЕНДЕ

Ералы жайлauы. Ойқұдық. Мұхтар, Біләл үшеуміз атаммен бірге Әйгерім апамның үйіне талай-талай барғанбыз. Сонда алты қанат ақ үйдің қақ төрінде жатқан жазық маңдай, шұнақ құлақ, өңі қара торы, кеуделі, қапсағай келген үлкен мейірімді көзді ақсақал бізді үнемі құшағын жайып қарсы алатын. Ол үшеуміздің де маңдайымыздан сүйетін. Ол — Абай.аға. Біз Әйгерім апамның үйіне баруға үнемі асығатынбыз. Әйгерім аса сабырлы кісі еді. Тез қимылдай қоймайтын, тез қозғала қойса екен деп тыпрыши күтетінбіз жәутеңдеп.

Әйгерім алдымен кереге басына байыпташ көз салады, ұзынша келген төсектің бас жағында түрған сандыққа қарайды. Бешпетін алады, жан қалтасын қарайды. Бір шумақ кілттері сылдыры ете түскенде:

— Алақай, кілт табылды,— деп сыйырлай сөйлесіп, бір-бірімізді түрте бастаймыз.

Әйгерім сандықты ашып, бізге тәтті әперетін. Мәзбіз...

Абайдың Әйгерімнен туған үшінші баласы Мекеш (Мекейіл) Абай өлеңдерін шетінен жатқа білетін. Ол біздің ауылға келген сайын Абай өлеңдерін айтып, бізге жазып беріп, үрететін. Мекеш сонымен бірге әңгімешіл, ертекшіл де еді. Ауылымыз Әйгерім ауылына жақын болғандықтан ба, әйтеуір Мекеш көбінесе біздің ауылда болатын еді. «Әне,

Мекеш келе жатыр» десен, Мұхтар жерден жеті қоян тапқандай қуанушы еді.

— Мекеш аға, Абай ағамның өлеңін айтып берші,— деді бір күні үйге жаңа келген Мекешке Мұхтар жүгіріп барып.

— Не дейді мына Шонқа,— деп, Мекеш қарқылдаш күлді.— Талабыңа нұр жаусын, қалқам, айтайын, айтайын. Қайсысын?

— Білмеймін, қалағаныңызды айтыңыз.

— Онда құлақ сал,— деп, Мекеш қоңыр әнге салды:

«Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім,
Ер жеткен соң түспеді уысъма,
Колымды мезгілінен кеш сермедім. ~

— Абай ағам оқымаған ба? — деп, Мұхтар таңданды да: — Мекеш аға, тағы айтыңызшы,— деді.

Өлең айтудан жалыққан Мекеш бар ма, сірә. «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңін әрі жалғай түсті. Оның даусы баяу шықты:

«Бұл маҳрум қалмағыма кім жазалы.
Колымды дөп сермесем, өстер ме едім?
Адамның бір қызығы бала деген,
Баланы оқытуды жек көрмедім...»

...Атамның өз балаларының ішіндегі зор үміт ететін, жақсы көретін баласы Қасымбек (Қаске) еді.

Қаске 1886 жылы туған. Сауатын әуылда ашып, атамнан хат таныған. Атам Әуез есті баласы Қаскені Семейге Камали ғазірет (Камеледдин) медресесіне ескіше оқуға берген. Ол 16—17 жасына дейін медреседе оқып ескіше білім алған. Қаске ескіше оқумен бірге орысшаға дайындалып, Камали ғазірет теріс батамды беремін, орысша оқыма дегенине қарамай, 1903 жылы Семейдің қалалық 5 кластық орыс училищесіне оқуға түсken.

Ұнжырғасы түсіп, Семейден үлкен ой үстінде келе жатқан Қасымбекті атам қарсы алды.

Қаске ашуға булығып, келген бетімен өз ойын ашық айтып салды.

— Ата, сізден тілсайтін бір мақсұтым бар?

— Айта ғой.

— Анау, Камали ғазірет теріс батасын берді.

— Неге?

— Орысша оқымын десем.

— Оған бола ренжіме, Қаске! Құдай бет алдынан жарылқасын, бар, оқы, талабыңа жет!

Қаске Семейдегі бес кластық қалалық орыс училищені жақсы бітіріп, Семейдегі учительдік семинарияға оқуға кірді.

Қаске семинарист. Орысша киім орта бойлы, ат жақты, ақ сұр ашық мінезді Қаскеге жараса қалған. Қаске каникулға ауылға келген сайын Мұхтар екеумізге көп нәрсені әңгімелеп беретін. Оның қолынан көнетоз кітапша бір түспейтін.

Орыс жазушыларының ең алдыңғысы Лев Толстой деңгенді бірінші рет Қаскеден естідік. Сол кезде оның қолындағы әлгі кітап Толстойдың «Севастополь туралы әңгімелері» екен. Қаске Мұхтар екеумізге сол кітаптан талай-талай үзінділер оқып берген.

— Ахмет, Мұхтар, Толстойдың мына сөздерін оқындаршы.

— Түсінбейміз ғой.

— Түсінбесендер, бұл былай: «Менің әңгімелерімдегі барлық күшіммен жаңым сүйеттің аяулы бейнесін түгел айнытпай түсіруге тырысқан кейіпкерім — ол әрқашан болған, болып отырган және бола беретін тамаша кейіпкер — шындық».

Бір күні Қаске Мұхтар екеуміздің көзімізше Омархан ағама былай дегені бар:

— Омархан аға, Мұхтар, міне, он жасқа келді, Семейге ала кетейін. Өзіммен бірге орысша оқып, білім алсын.

— Ау, Қаске, орыс білімін алуға қызығып, ошақ басынан сенің кеткенің де жетеді ғой,— деді Омархан ағам реңішті кейіп білдіріп.— Менің шын мақсұтым жалғыз бала Мұхтарды 14-ке келгенше арабша оқытып, келін түсіріп, немере сую. Мына Наймантаймен құда болып, Әйкежанды атастырып қойғанымды өзің білесің. Мені ренжітпе, Мұхтарды әуре қылмай-ақ қой.

Омархан ағамнан беті қайтқан Қаске үлкен үйге Әуез атама келді. Қаске атама жайлап отырып әңгіме шертті. Орыс мәдениетінің озық екенін өзінің түсінігімен айтып берді. Мұхтардың да орысша білім алудың ұлықсат беруін өтінді. Атам Әуез Қаскенің бұл ойын теріс деп білген жок, қайта қоштай түсті. Атам өзі жақсы керетін алғашқы не-мересі Мұхтардың орысша оқып, білім алудың ұлықсат берді. Сөйтіп, Мұхтар 1907 жылы Семейдің 5 кластық қалалық орыс училищесіне түсті.

Омархан Әуезұлы 1909 жылы, Мұхтардың анасы Нұржамал 1912 жылы қайтыс болды. Омарханның шаңырағына ие болып, үй шаруасына басшылық еткен Самарханның



Мұхтар Әуезовтың (оң жақта) ағасы Қаске (Қасымбек) Әуез-
ұлымен (сол жақта) Семейдегі бес кластық қалалық училище-
де оқып жүрген кезі.

баласы Рazaқ. Мұхтардың өмірден таршылық көрмей, бұ-
ла боп өсуіне Рazaқ себеп болған.

Мен болсам Мұхтардан екі жыл кейін 1909 жылы Қас-
кенің күшімен жаңа Семейдегі екі кластық орыс-қырғыз
училищесіне оқуға түстім, пансионда жаттым. Қаске мен
Мұхтар үлкен Семейде бір үйде тұрды. Мен болсам жаңа
Семейде болдым. Сенбі күні болды дегенше менің екі көзім

Ертістің арғы жағында болады. Қаске мен Мұхтарды асыра күтемін. Әсіреке Қаскенің демалыс сайын базардан маған арнап алып келетін қос қызыл алмасын айтсаңызшы. Марқұм Қаске екі алманың бірін маған пансионда жегізіп, екіншісін унемі үйге барғанда жейсін деуші еді-ау.

Қаске Семейдің учительдік семинариясын 1913 жылы бітірді. Ол Семейдегі учительдік семинарияны бітіргеннен кейін Москвага барып, жоғарғы оку орнына түсіп, қайтадан дайындалып, аттанғалы тұрғанда, іш сүзек ауруына тап болды, ауру асқынып 1913 жылдың сентябрь айында дүние салды. Мұхтарды орысша оқытып, көзін ашқан, үлкен адам болуға себепші болған Қаске. Біз аяулы аға Қаске алдында көп-көп борыштармыз.

Мұхтар Қасымбекті еске алып, былай дегені бар.

«Әуелі ағайдан, одан кейін молдадан алған сабағымыз бізді шағатай ақындарының кітаптарымен таныстырса да, ақыры қаладағы бір имамның схоластикалық медресесіне апарып, тіремей қоймады. Бірак қала имамы Камеледдинің «құрметті» медресесінен орыс мектебіне ауыстырған Қасымбек ағайдың атай күтпеген батыл қадамы менің одан әрі тәлім-тәрбие, білім алудың игі әсерін тигізді.

1905 жылы мәдени-ағарту лебінің әсерінен менің ағайым нәрлі білімді орыс мектебінен іздеді және әкейдің қатал да қайсар қарсыласуына қарамастан, мені өзімен бірге қалаға ала кетті. Өзі сабак беріп, орысша оқыта бастады және бес кластиқ қалалық училищеге түсірді. Менің әкем Омархан 1909 жылы қайтыс болғаннан кейін, Қасымбек ағай мені түгелдей өзінің қамқорлығына алды. Біз екеуміз де Шыңғыс болысының қаржысымен оқыдық...»

Бөрлі. Қең жайлай. Жазғытурым қандай тамаша десеңізші, әсіреке айлы кеші тым әсерлі. Ауыл жастары көбінесе ақ сүйек ойнап, көңл көтереді. Біз Біләл, Мұхтар үшеуміз сол думанды кештің бел ортасында жүретінбіз.

Бөрлінің күзі де өз сәнімен бірге қыраулана қуаныш ала келеді. Елдің ойыны алты бақан. Қыраулы күзде қой күзеткен қыз-келіншек алты бақан теуіп, құйқылжыта салған әні алыстан құлаққа келеді.

Кешкүрим Бөрлінің белінде құрылған алты бақанды кезек тепкен қыз-келіншектің даусы естілді дегенше Мұхтар, Біләл үшеумізге әлек кіреді. Балақты тізеге дейін түріп алып, қырдан қыр, белден бел асып, алты бақанға жеткенше жүгіретінбіз. Жарыса жүгіріп, алты бақан құрылған жерге жетпей тынбайтынбыз. Алты бақан көбінесе Әйгерім апамның ауылында құрылуышы еді. Сондағы алты бақанның

иесі Абайдың қызы Кенже болатын. Өзі де әнді сылқылда-
та салушы еді. Кенже әнін естіген Мұхтардың жаны тағат
таппай, сол алты бақан ойыны ғана емес, ән әуені жаны-
мызды тербел, билеп алатын.

АЛҒАШҚЫ САБАҚ

Октябрь айы. Аспанды ертелі-кеш қою бүлт қаптайды.
Ауық-ауық ескен жел шығыстан соғады азынай. Киіз үйлі
ауыл қыстауга ерте барсам жайылымды тез жеп қоямын
деп, Аяққарағанда отыр.

— Айналайын құлымын,— дейді екі сөзінің бірінде кәрі
апам.— Қыстауга көшіп-қонған соң оқи бастайсындар. Оқу
оқып молда боласындар.

Манадан бері ақжарқын отырған Мұхтар табан астын-
да томсырая қалды. Оның әлдебір нәрсені жаны жақтыр-
мағаны мәп-мәлім.

— Ау Шоңқа, неменеге торсия қалдың,— деп, Біләл
екеуміз екі жақтан оны түрткө бастаймыз. Әбден мазала-
дық. Бар болғаны:

— И-и, қойындаршы! — дейді Мұхтар.

— Неге өкпеледің, айт? — деп, Біләл қояр емес оны тық-
сырып.

— Айтпаймын, өлсөң де...

— Айт.

— Айта ғой, жаным,— деді кәрі апам оның қас-қабағы-
на қарап.— Орынсыз, жөнсіз қиқарлығың жарамайды. Айт,
айта ғой!

— Айтсам ба, мен оқымаймын.

— Неге, Шоңқа? — дедім мен.

Сол сәтте есікті ашып, үйге атам мен Омархан енді.

— Мұхтар не дейді, кемпір-ау? — деп таңдана сұрады
атам.

— Оқымаймын дей ме? — деп, Омархан ағам да сұрады

— Қойындаршы күгыштамай. Есіттіңдер ғой,— деді кә-
рі апам.— Баланы жасытасындар.

— Айттым ғой, бүл жасықтан түк шықпайды, ата,— дей-
ді Омархан ағам жайғаса отыра беріп.

Мұхтар сұрланып алған. Қірпігінде жас бар. Булығып
тұр. Сәл-ақ жылау алдында. Бірде ол маған тесіле қарап:

— Сен-ақ оқи ғой,— дегені бар тістеніп.

— Оқимын.

— Мен оқымаймын да. Басыма сәлде орап, молда бол-
маймын.

Атам Мұхтарды кең құшағына алып, құшырлана ман-
дайынан иіскеп, сылқылдан күліп жатыр.

— Осы да жасық па? — деп, кәрі апам бір көтеріліп
қойды.— Айналайын Мұхтарым, пәллі.

— Сауатынды аш, қалқам, молда болмай-ақ қой,— деді
атам.— Енді қожа-молдалық бізден өтіп, саған жетпей-ақ
қойсын.

— Қашан оқимыз, ата, қашан? — деп шулап қоя бердік.

— Сәрсенбінің сәтіне, ертең.

Таң атты. Мұнарланып күн шықты. Қөптен аңсаған күн
де келіп жетті. Үлкен үйде алғашқы сабак басталды.

Қараша үйдің оң жағы. Күнбатысқа бет беріп тізерлеп
Біләл, Мұхтар үшеуміз отырмыз. Атам қасымызға келіп,
тізерлеп отыра берді де, қолымызға бір-бір ши ұстартты. Әл-
гі ши басында жұқа шай қағазы ілулі. Қағаз бетінде бір
белгілер, нұсқалар бар.

— Мынау қағаз бетіндегі таңба ҳаріп болады,— деді
атам үшеумізге алма-кезек қарап.— Тыңдаңдар, оқимын:
әліл-би-ти...

Таңның атысы, күннің батысы үлкен үйден шықпаймыз.
Түсініксіз әлгі әріптерді жаттаймыз да отырамыз. Кей күн-
дері ми айналып, бас қатады. Зерігеміз. Бірақ тырп етуге
шама жоқ. Атамның мінезі қатал. Тырп еткізбейді. Оның
үстіне күніге кешкүрим арнайы сыннан өтеміз. Кешке асты
ішіп болғаннан соң атам мен Омархан ағама күні бойы
жаттап оқығандарды жатқа айтып береміз. Содан сүрін-
бей, мұдірмей өтсек озғанымыз. Әлгі үшеуміздің тілегіміз
де, мақсатымыз да сол жолда.

Сол күз, қыстан апрель айына дейінгі өміріміз сол күйде
өтті. Ескіше 26 әріпті зорға-зорға түгел таныдық.

Жаз шықты. Енді атам бізді үлкен үйге ертелі-кеш қа-
мамай, еркімізге ойынға жіберді. Содан шық түсіп, күз
болғанша оқу бетін көргеніміз жоқ. Асыр салып, кең дала-
да өз білгенімізді істеп жүрдік.

Алты жастан асып барамыз. Ауыл қыстауда. Әріпті тү-
гел білген үшеуміз иманшартқа — әліппеге түстік.

Мұнымызға әсіресе атамыз куанышты-ақ.

— Қасымбекім сабакқа зерек еді, мына балаларым да
қалыспайды,— деп, атам куанып отыратын.

Әліппені оқуға келгенде бұрын қатар келе жатқан
үшеуміз күнделікті сабакты оқу, жаттауға келгенде дара-
лана бастадық. Алға Мұхтар шықты. Ол иманшартты бес-
алты айда бітіріп, Аптиек Шарипке түсті.

ТОЛҒАНЫСТА

Жеті жасқа толдық. Ел бауырда. Күзге салым кез. Біздің ауыл болса Бөрлі жанында отыр. Откен күні ғана Эйгерім апамның ауылынан оралған атамның қабағы қатулы, ренжуул. Толғаныс үстінде, «үһ» десе қайғы мен жалын атады лапылдал.

Атам ауылға келген бетінде бізді жиып алды, тез-тез тапсырма берді. Байқаймыз: көңілі әлденеге алаң. Тағаты жоқ. Сабак оқытуға келгенде өте катал кісінін мұнша жұмсақ бола қалғанына бір жағы іштей сүйсініп, бір жағы әлдебір өзіміз бейхабар нәрсеге алаң болып отырмыз.

— Шырактарым, күндегі әдеттерінше оқып, сабактарыңа жақсы дайындала беріңдер,— деді атам. Қөзінен еріксіз жас саулады. Тыя алмады.— Абай әл үстінде жатыр. Соған барайын мен.

Атам сонау Қарақұдықтан шыққан қарадан көз алмай тұр. Кемсендейді.

— Ау, Дінәсіл,— деді атам тағат таппай.— Атымды алдырышы. Эне бір келе жатқан аттылының жүрісі жайсыз ғой. Шаүып келе ме, қалай өзі?!

— Абайдан айрылдық,— деп әлгі аттылы кісі аңырап келді ауылға.

Жайсыз хабарды естіген атам мезгілсіз келген ажалға лағнет айтып, босағаға құлады... Орнынан тұра алмады. Ауыл-ел күніренді. Біз осыдан аз-ақ бұрын жаттаған Абайдың мына өлеңін еске алдық:

«Өлсем орным кара жер сыз болмай ма?
Өткір тіл бір үялшақ қызы болмай ма?
Махаббат, ғадауатпен майдандасқан,
Қайран менің жүргегім мұз болмай ма?

Амалсыз тағдыр бір күн кез болмай ма?
Біреуге жай, біреуге тез болмай ма?
Асая жүрек аяғын шалыс басқан,
Жерін тауып, артқыға сөз болмай ма?

Жүргегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпала, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!..»

Абай өлді. Ел күніреніп, сары дала, Шыңғыс қара жамылып, найқалды. Ақынның өлімі, атамның толғанысы Мұхтарға ой тастады. Оны бала Мұхтардың сол кездегі отты көзінен көрдім.

ТАЙФА МІНДІК

Көктем болды дегенше кәрі апам сегіз-тоғыз жастағы Мұхтардың қыр сонынан қалмайды. Қөзден таса етпейді. Өйткені кәрі апам Мұхтардың тай, асау үйретуді о бастан жақсы көретіній біледі.

Кіші бесін болатын. Кәрі апам басын жастыққа қойып, үйқыға кеткенде, атама жетіп бардық. Атаман рұқсат алдып, жылқы өрісіне тай үйретуге тартып отырдық.

— Ау, Омархан, Мұхтарға абай бол,— деп үйқысырап сөйлеген кәрі апам үйқыдан оянып кетті.

— Мұхтар қайда, Қожеке?

— Жүрген шығар. Жаңа ғана үшеуі осы жерде жүрген еді ғой.

— Ау, Омархан, балалар қайда, көрдің бе?

— Білмедім.

— Е, білдім,— деді көрі апам.— Білмедімге салып, өзің рұқсат беріп жіберген екенсің ғой, Қожеке. Ұрынбаса жарап.

Кәрі апам Омарханды шақырды. «Сен бүйтіп отырма,— деді.— Анау атқа мін де, Мұхтарды тауып алды кел». Омархан ағам желе жортып, жылқы өрісіне кетті.

Кең алқапты сай. Ауылдан арнайы іздеп шыққан адам терең сайдың үстінен дәл шықпаса таба алмайды. Бұл жылқышының тапқан амалы.

Күн бесіндікке таянғанда біз де терең сайға құлдилап келіп түстік. Жылқышы сол сэтте ұзын құрығын алдып, ала-яқ тайға салды. Әлгі жылқышы бұғалық тайға әбден түскенше, еркін жіберіп алды да, тартып қалды. Асау тай жығылып түсті. Со сэтте біз де жетіп, тайдың құлағынан бас салып, нокталадық.

— Алаяқ қажырлы екен,— деді жылқышы,— кім мінеді, кәне?

Қажырлы деген сөзден тайсалып, іркіліп қалдық.

— Мен мінемін,— деді Мұхтар.

— Абайла! — деп, жылқышы Мұхтарды тайға мінгізіп жіберді. Жүген-құрық тимеген асауға бала Мұхтар шап ете түскенде, асау осқыра мөнки жөпелді. Тай арқан бойы тулап жүріп, кейде кілт бұрылады, Мұхтар жалдан мықтап ұстап, ауып барып, қайта түзеледі. Жылқышы ұзын арқаның бір шетін ұстап тұр.

— Айлалы, тіс қақкан екен,— деп бағып тұрмыз алыстан.— Тақымынды қыса тұс.

Мұхтар тақымын қыссса, алаяқ тай қоянша зытады, жалт

береді. Тай әбден алқынды. Мұны байқаған жылқышы, арқанды қып жіберді. Бірде асау құйғытып ала жөнеліп, тұра қалып мөңкігенде Мұхтар ұшып кетті. Шылбырды жібермеді. Орнынан тұра салып, тайга қайта жабысты, мінді.

— Мынау өлгелі жүр ме,— дес, сол сэтте Омархан ағам да дөңнен қылт ете қалды.

Ашуға булығып, ұят тұла бойын кернеген Мұхтар асауға қамшы басты.

Тай шаршап, әбден болдырды да, көнігіп кетті. Мұхтар да жайланаңып, бұрынғыдай емес, жайғаса отырып, бізге алғашқы қорқышының сездірмеуге тырысып, өзінің үйреншікті өлсөн айтты.

«Тайға міндік,
Тойға шаптық,
Жақсы киім киініп...
Жазу жаздық,
Хат таныдық,
Болдық азат молдадан;
Шала оқудаи,
Не жарыдық,
Қалғаннан соң құр надан»,—

деп әндептіп ала жөнелді.

— Ау-ау, кәне, жүріндер, бұлдірген теруге кеттік,— дег айқайлады ол.

Біз де жорта жөнелдік. Омархан ағам да бізге ілесе беріп:

— Қап, мына тентектерді-ай,— деді.— Қайтындар!

— Омархан аға,— дедік біз.— Қәрі апама айта сал, біз атамның рұқсатымен бұлдірген теруге кеттік...

...Мұхтардың жас кезіндегі жақсы көріп, құмарта ойнайтын ойындарының бірі әйзік болатын.

Әйзік — асық ойыны. Алдымен әрқайсымыз екі-үш кеней тігіп, сақамызды иіреміз. Кімдікі бұрын алшы тұрса, сол бала 20—30 қадам қашықтықтан әлгі кенейді дәлдеп атады. Сақа кенейге тиіп, алшы тұрса, кенейді түгел жинап ала-мыз. Егер сақамыз бүге түссе, сақа тиген кеней шіге түссе, сол кенейді ғана аламыз. Кейде керісінше, сақа шіге ту-сіп, кенейдің бүге түсіуі шарт. Ал сақа тәйке түссе, ештеңе де жоқ, құр алақан қаламыз.

Ойынның екінші жағы әдетте қызықтылау болады. Сақаны қайта атқанда кімнің сақасы қашық түссе сонықі болады. Мұнда ол бала қалай атса да, өзінің еркінде. Сақаны сілтеп, шиыра, шертіп ұрамын десе де болады.

— Аяғында жылжытпа.

— Шынтағынды жерге тіреме, ау Мұхтар.

— Тигізген жоқпын.
— Күйсін Шонқа, күйсін!
Со сәтте Мұхтар қызаңданап, жыламсырап тұра береді.
Егес-талаң кезінде мұлт кетсең болмайды. Ойын тәртібін
бұзсан, ойын қатарынан шығып қаласың.

Осындақ қызық ойын ымырт жабылғанша бір толаста-
майды. Бұл ойын ауыл балаларының ішінде Мұхтар екеу-
мізге киын тиеді. Себебі шырып ата алмаймыз. Ойын тәр-
тібін көп бұзамыз. Ал епті, сақ балалар ғана ышқыларын
кенеңге сығай толтырып, үйіне қайтатын жайрандап.

Мұхтар кейде әйзік ойынында асықтан ұтылып қалса,
«кәрі апама айтамын» деп дау салатын, жылайтын да. Мұх-
тар асықтан ұтылған күні Біләл екеуміз кәрі апамның жа-
нына жолай алмаймыз.

— Мұхтардың асығын қайтарып беріңдер,— дейді бізге
кәрі апам.

Біз асықты Мұхтарға түгел беретінбіз. Бірақ Мұхтар
әлгі өзі ұтылған асықты алмайды, ол тек қана өзімен тең-
дес балалардан ұтылғанына шыдай алмай, намысы келіп
жылайтын.

АНА ҚӨҢІЛІ БАЛАДА

Қыс күнінің түні ұзак. Сарғайып таң атқанша дөңбек-
шімеу үшін қызыл іңірден түрлі ойын бастайтынбыз.

Ас-су ішіп болған соң ойынды көбінесе кәрі апамның
тәсегінің жанында ойнаймыз. Мұны кәрі апам унемі ұна-
тып отыратын. Өзі де қызыға қарайтын. Кейде: «Сен, Ахмет,
Мұхтарға қиянат жасадың, бұлай болмайды»,— деп, Мұх-
тар ұтылып бара жатса, араласа кететін. Көбіне бұл үйде
ойнауымызға Мұхтардың анасы Нұржамал ерік бере бер-
мейтін еді.

— Бірдеңені бұлдіресіңдер, қиратасындар, ойнаман-
дар,— деп шыға келетін Нұржамал.

— Қойши, Нұржамал, ойнай берсін,— деп, кәрі апам
араға түсетін.

— Айналайындар,— дейді Нұржамал,— әлгі құс бау қа-
ғуды ойнамасандар болғаны.

Нұржамал үйіндегі ойын қызық болмайтын. Өйткені ол
біздің еркін ойнауымызға мүмкіндік бермейтін.

Омархан ағамның екінші үйі — Мәдинаның үйіне жина-
лып алып ойнаған ойнымыз тамаша болатын. Мәдинаның
үйінде бойымызды еркін жазып, қызыққа бататынбыз.

Ойынға мейріміміз қанып, ертеңіне сілелеп үйіктайтын едік.

Мәдина жібек мінезді кісі еді. «Тәйт» деп бетімізді қайтарған жан емес. Сол үшін ойынымыз Мәдинаңың үйіне барғанда еркіндегі тұсуші еді.

Құс бау қағу ойынын көбінесе жеті немесе тоғыз ешкі асығымен ойнайды. Қолға барлық кенейді алып, көтеріп жіберіп, қолдың арқасына асықты тоқтатамыз. Асықты қайта көтеріп, жерге түсірмей қағып аламыз. Сол қаржуға ептілік, шашаңдық, жылдамдық керек. Бұл ойынның да ережесі қатаң. Сақтанбасаң, мұлт жіберсөң — ұтыласың. Әсіреле құс бау қағуда соңғы рет қол сыртына түскен асықтың төбесінен шүйіліп, түгел ұстап алу шарт. Жерге біреуі түссе болмайды.

Алақанымыздағы асықты санаймыз да, бірін жоғары көтеріп жіберіп, жерде шашылып жатқан асықты басқасына тигізбей, оң қолмен бір-бірлеп жинап алып, ұшып келе жатқан асықты тосып аламыз. Асық ойнау кезек-кезек келіп отырады. Осы құс бау қағу ойыны басталса болды, Мұхтар құлім қағатын. Өйткені ол қаржуға келгенде жүйрік. Бұл мына оңтүстік жақта ойналатын шекемтас ойыны на көбірек ұқсайды.

Мұхтар тоғыз асықтың көбін қолының сыртына түсіріп, қайта қаржуда мұлт жібермейтін. Ойын шарты бойынша ойналып отырған асықтың жармысынан көбін қаржып алса болғаны, екінші асықты аспанға атып, жердегі асықты жинап алмайды. Мұхтар бір қаржуда үнемі асықтың бесалтауын қол сыртына түсіріп, қайта қаржып алып, ұтып отыруши еді.

Үлкен үйде алаң болған кәрі апам балалар құс бау қағу ойнап жатыр десе, жүгіріп қелетін. Кәрі апам Мұхтардың ұтқанын мәртебе көретін. Ал басқа ойын басталса, Мұхтардың ұтылатынын білетін кәрі апам: «Мына біздің Мұхтарды ренжітпендер», — деп үйден тез шығып кететін.

Міне, Мұхтар жас кезінде осындағы атамның, кәрі апамның қамқорлығында, құшағында болған балғын жас еді.

СЫБАННЫҢ МОЛАСЫНДА

Есейе келе әңгіме тыңдал, елең жаттап, оны жазып алуға құмарттық. Сан қылы оқиғаларды, ауыртпалықты басынан кешкен, жаугершілікті, өмірдің аңызы мен тұщысын бастан кешкен, өзі батыр қария кісілерді ауылға келсе екен дейтінбіз. Әсіреле Абай тұсындағы ертекші, әңгімешіл

Баймағанбет қарияның әрбір сөзін, әңгімесін сүйсіне тыңдалап, ұғынып алушы едік.

Ауылымыз Берлінің сыртында. 1905 жылы Бекеншідегі үлкен Жұністің ауылға келген орайы болды. Қапсағай дениелі келген осы кісі батыр болған, ер жігіт болған. Жалғыз өзі жорықта аттанып, талай-талай ерлік істеген кісі екен деп естуші едік.

Август айы. Сабакқа жүретін уақытымыз жақындағанда үлкен Жұніс атама сәлем беремін деп ауылға келіп қонды.

Кешкілік. Үлкен Жұністің көрсек, өз аузынан басынан кешкен ерліктерін есітсек деп қуандық.

— Да, Жүке,— деді атам,— көпті көрген басың бар. Қөрген-білгенінді, бастан кешкен оқиғаларың туралы бір әңгіме айтып бер мына балаларға.

— Кәдеге жараса айтайын. Бір жорықтан қалжырап қайттым. Құн кеш. Айдала. Ақ жауын сабалап жауып тұр. Иә, ургін де сүргіншілік, жаугершілік өмірдің онған жері бар ма? Сөйтіп келе жатқанымда бір молаға кез болдым. Куанып кеттім, өйткені «тұнде жүрсөң — молаға қон» деген сөз бар емес пе?

Көзге тұртсе көргісіз қараңғы. Шошақ молаға келдім. Паналасам болды. Атымды қантарып, шылбырын беліме байлаپ, моланың есігінен елтеп кіріп, отыра, кеттім. Төр жағында не барында ісім жоқ. Қолымдағы тобылғы қамшыны маңдайыма тірей отырғаным сол еді, көзім ілігіп кетіпти. Атым басын шүлғып қалғанда оянып кеттім. Сол сәтте моланың ішінен бір нәрсе тырс етті де, әлдебір нәрсе ырсия қалды. Карасам сойдақ-сойдақ тіс тәрізді. Тағы жым-жырт. Отыра бердім. Тағы тырс етті. Төр жаққа жалт қарасам, тағы да тіс. Содан үшінші тырс етті де, әлгі аксиған нәрсе бұрыла бергенімде бас салды. Атып тұрдым. Сытыла беріп, атқа қарғып міндім. Со сәтте әлгі пәле атқа, арқама жабысты. Үріккен ат бет алды шауып келеді. Есімнің шыққаны сонша, бар болғаны сапыны суырып, жота жағымды қамшылай беріппін.

— Да, Жұніс, өлтіремісің? — дегені бірден.

Тани кеттім. Бұл белгілі жалаңаш ұры Төбет еді. Төбет скеуміз әлгі молаға қайтып келдік.

Иығым ашып барады. Карасам әлгі сапыны суырып, артымдағы пәлені ұрамын деп, өз иығымды тілгілей беріппін.

Міне, осылай бір ерлік жасап, қорыққаным-ай. Мұның сурымынадай екен. Оны Төбет айтты. Төбет күніге кешкүрим осы молаға келіп отырады скен. Жалғыз-жарым адам мола паналаса сірінке жағып, дереу өшіреді екен де,

аузына салып үрлөй қояды екен. Сонда әлгі сірінкенің шоғы адам тісін сойдақ-сойдақ етіп, ырситип көрсетеді екен.

Міне, Мұхтардың «Сыбанның моласында» деген әңгімелі осы әңгімeden туған еді. Әңгімегі жортар Жұніс дегені мына бізге әңгіме айтып берген үлкен Жұніс. Қаракерейлік жалаңаш ұры Төбет те өмірде болған адам.

МЕЙІРІМДІ МЕКТЕП

Таңертеңгілік. Қасымбек Мұхтарды Семейдегі 5 клас-тық қалалық училищеге жетектеп алыш келеді. Қаске ауық-ауық сөйлеп те қояды.

— Фылымның қамалы әрқашан берік, оны женіп игеріп алу үшін әр кезде талап, қайрат керек. Мұхтаржан, жақсы оқығайсың,— дейді ол.

Мұхтарда үн жоқ. Ойланып келеді ол. Кейде орыс балаларымен бірге оқуға жүрексінеді де. Мұны ойлап көзіне жас келейін десе, атасының Абайдың нақыл сөзі деп айткан мына бір ескертпе сөздері ойна түсе кетеді:

«Білім-ғылым үйренбекке, талап қылушыларға әуелі білмек керек... Адамның көңілі шын мейірленсө, білім-ғылымның өзі де адамға тезірек мейірленіп, тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқайды. Екінші, ғылымды үйренгенде ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек... Үшінші, әрбір хақиқатқа тырысып, ижтиһатыцмен көзің жетсе, соны тұт, өлсөң айрылма!..»

Қаске анадайда Даниал Қекітайұлының кетіп бара жатқанын көріп қалып:

— А, а, оу Дақу! — деген дауыс Мұхтардың ойын бөліп жіберді.

— Не, Қаске?

— Қайда баrasың?

— Оқуға.

— Қайдагы?

— Қаладағы. Орыс-қазақ мектебіне. Аға, мына Мұхтар да оқуға бара жатыр ма?

— Иә, бірге оқисындар.

Қүйдірілген кірпіштен салынган жалпақ үй анадайдан көз тартады. Бұл қалалық орыс-қазақ мектебі. Бүгін бұл мектеп қазақ балаларын да жатырқамай құшақ жайып карсы алып түр мейірленіп. Мына келс жатқан Қаскелерді мектеп алдында егде тартқан екі кісі жылы шыраймен қарсы алды.

— Қош, келіпсіздер,— деді әлгінің біреуі осы мектеп оқушысы Қаскенің сәлемін күтпей-ак.

— Сәлем, Игнат Иванович,— деді Қаске.

— Қел, келініз, қайырлы қадам болсын!

— Мына оқытушыларың,— деді Қаске әлгілерді таныстырып.— Мынау болса Белослюдов. Өзі суретші, сызу пәнінің мұғалімі. Мына кісі болса Малахов Игнатий Иванович. Семейдегі бастауыш мектептердің инспекторы.

Бұлар әңгіме үстінде қақпаға таяна бергенде, «Қаске» деген дауыс ту сыртынан естілді. Жалт қараса, Баянауылдан Ахметолла Барлыбаев келеді екен.

— Ел-жамағатың аман ба? — деді ол, жылы шыраймен сәлемдескеннен кейін.

— Тегіс аман. Өзінізден сұрасақ? Ә, сізде де бала бар екен фой оқытатын.

— Жоқ, бұл әлгі өзіміздің елдегі ағайын Саматтың баласы Хұсан, ағасын білесің, Омбыда оқитын Мұхтар Сamatов қой. Маған осы інісін училищеге алып барып тапсыр деп тағайындаған еді. Ал сенің мынауың кім?

— Мұхтар, ағамның баласы.

— Ә, дұрыс, әлгі Әүке ағамның немересі Мұхтар осы ма? Жіргі болып қалыпты фой. Балалар, тек жақсы оқындар,— деп Ахметолла Барлыбаев Хұсайнды училищеге тапсырған соң кері қайтты.

Алғашқы қоңырау. Бойын қуаныш пен шаттық кернеген қара домалақ қазақ балалары мектепке, класқа еркін еніп барады.

Арадан айлар, жылдар өтті. Түсінігі о бастан кең Мұхтар кластас балаларының ішінен дараланып оқшау шықты. Мұхтар үнемі байсалды, тәртіпті әрі үстамды. Сол үшін болса керек, үнемі сабакты жақсы оқыды. Бала Мұхтардың бойында тағы бір ерекшелігі бар. Ол — жаңалыққа күмарта, қызыға қарайтындығы, орыс балаларының жүріс-тұрысына зер салып, улғі ала қояды.

Қазақ балаларын орыс әдебиеті баурап алды. Ендігі жерде сабактан тыс орыс пәнінің мұғалімінің көмегімен әдебиетпен жете таныса бастадық. Енді Мұхтар бұрын тек атасынан ғана естіген Толстой, Пушкин, Лермонтов, Салтыков-Щедрин, Крыловтардың кітаптарын алдына жайып қойып, өзі оқитын дәрежеге жетті. Класс бойынша И. С. Тургеневтің «Тұс», «Сағат», Л. Н. Толстойдың «Бүркіт», «Акула» әңгімелері мен «Фалым бала» мысалдарын қызыға оқитын. Мәселен, И. С. Тургеневтің 1876 жылы жазған «Тұс» әңгімесі 18 бөлімнен тұрады. Мұғалім бұл әңгіме-

Нің әрбір бөлімін әр балаға бөліп беретін. Ертеңіне түсінігі-мізді міндетті түрде сұрап тұратын.

Әлі есімде, Мұхтардың үлесіне «Тұс» әңгімесінің 16-шы тарауы түсті. Арадан бір күн өткен соң Мұхтар әлгі әңгімені класта, мұғалім алдында әңгімелеп берді. Мұхтар орыс тілінде жатық сөйлейтін. Орыс тілінде жатық, сенімді сөйлейтініне оқытушы да дән риза болған еді.

— Міне, Мұхтар Әуезовичтей оқып, түсінідер,— дегені бар.

Мұхтар С. П. Аксаковтың «Орынбордағы мылтықшы-аңшының жазбалары» әңгімелерін сүйіп оқитын, қолынан тастамайтын. Мұхтар бір күні бізге Аксаковтың «Тазы ит» әңгімесін қазақша сөзбе-сөз аударып, айтып бергені бар.

Ауылда алғаш эстетикалық талғамын оятаң Мұхтар енді көп оқиды, көп ізденеді, көп тоқиды. Бұл кезде Семей оқытушылар семинариясында орыс тілі мен әдебиетінен сабак беретін оқытушы Василий Иванович Попов Мұхтардың өмірге, орыс әдебиетіне жігерлі талаппен араласуына көп көмек берді. Семей дәүірінде Мұхтардың оқығаны да, көкірегіне тоқығаны да үшан-теніз.

Василий Иванович Попов Мұхтардың білімпаздық жолындағы үстазы. Василий Иванович сол кезде-ақ бала Мұхтардың әр алуан өнер саласына алғыр қабілетінің бар екенін байқаған.

«1916 жылдың авгусында мен Семейдегі мұғалімдер семинариясына орыс тілі мен әдебиеттен сабак беретін оқытушы болып келдім,— дейді Василий Иванович Попов.— Мұхтар ол уақытта семинарияның бірінші курсында оқитын. Әлі есімде: үлкен клас бөлмесі, уш қатар қойылған парта. Оң жақтан санағанда ортадағы қатардың алдыңғы қата-рында он сегіз жасар шамасындағы бойшаш, әрі сұлу қазақ жігіті отырған-ды. Сыртынан қарағанда ерекше ұқыпты ки-інген, өзіне жарасымды қою кара шашы бар, бет бейнесі сәл сарғыштау келген, қалың өрінді, қыр мұрынды, ойлы қара көзді және биік мандайлы бұл жігіт — Мұхтар Әуезов еді. Ол әрқашан байсалды, әдепті, мінезінің ұстамдылығымен оқытушылары алдында да, жолдастары алдында да қадірлі саналатын, тіпті өз класында ерекше көзге түсетін, бір курстағы окушылар араесында аса беделді болатын. Орыс тілін өте жақсы игергені үстіне, сол тілдің жай-жапсары жайындағы білімінің кеңдігіне бізді таң қалдыратын еді».

ТАҒЫ ДА АУЫЛДА

1907 жыл. Қақаған қыс. Араптөбе қыстауындағы Әйгерім апам ұстаған Самарбай молданың хұзырынан босап, үйде журмін. Атам мен кәрі апамның ертелі-кеш ойлағаны, екі сөзінің бірі Мұхтар. Әсіресе атамның әзірлігі күшті. Қыс айының басынан бері қос атты жолға жараулы болсын деп тұяғын қымылдатпай, жемдетіп бақтыруда. Кәрі апамның да сақтаған жал-жаясы, қазы-қартасы және бар немересіне.

Ескіше 16 декабрь. Атам мен кәрі апам Омарханға келді.

— Ау Омархан, үйдемісің. Рazaқ қайдада?

— Үйде.

— Қаске мен Мұхтардың оқудан босайтын күні келіп қалды. Ауылды сағынған шығар шырактарым. Міне, ат дайын, Рazaқты жөнелтсен.

— Жарайды, ата. Бұғін жүрсін бе?

— Иә, бұғін жүргені мақұл. Бұрсігүні олар оқудан босасымен тез алып қайтқаны мақұлғой. Әрі аттар да Семейге бір күн ерте барып, тыныққаны мақұл.

Атам мен кәрі апам Мұхтарым жаурап қалмасын деп шананы өздері әзірлеп жүр. Ең алдымен шана ішіне бөстек салып, айналасына киіз тұтты. Кисін деп сенсең тымак пен тон берді Рazaққа. Ал сапарың сәтті болсын деп, жолға шығарып салды.

18 декабрь. Атам тұс қайтқаннан бері үй алдындағы Құлтөбе басына ауық-ауық өзі шығып, Семей жаққа ұзақ қарайды. Бірақ ештене көзге ілінбейді. Ақ ұлпа қар көмкерген дала жатыр керіліп.

— Ау, Ахмет, ау Біләл! Тамның төбесіне шығып қараңдаршы,— дейді кәрі апам да,— қара көріне ме?

Жараулы ат жеккен шана сырғып келеді. Мұхтар жанжағына жалтақтай қарап, шанадан қарғып тусіп, жүгіріп кеткісі кеп келе жатыр. Иә, алда сағынған дала, жолды күтіп сарғайған ата мен ана, ақ шашты қариялар тағы бар. Құшікбай кезеңіне келіп қалды олар.

— Рazaқ аға,— деді Қаске.— Кеше Құшікбайдың бауыры бүркүрап тұр ма еді?

— Айта көрме, қалқам, қаһарына мініп, жаяу боран болып жатыр еді.

— Қаске аға,— деді бірдес Мұхтар.— Осы Құшікбай кезеңі деп неліктен атанған?

— Ол былай,— деп, Қаске әңгімесін бастады,— бұл таудың сілемін Арқалық деп атайды. Мына он жақтағы биік-

тіктегі оба сияқты тас мола Қүшікбай деген кісінің моласы. Ол кезінде батыр болған кісі екен. Ел корғап, жауға жалғыз шапқан адам болған. Өз мекені осы, мынау ой болған екен. Жасы ұлғайған кезде Қүшікбай ауырып, әл үстінде жатады. Сол сәтте дүшпандары мұның жүре алмайтынын білген соң, жасақтанып келіп, ауылын шауып, малын айдап кетеді. Жауға қарсы тұрарлық адам шықпайды. Сонда әл үстінде жатқан Қүшікбай белдеудегі атына мініп, қару-жарагын асынып, жау соңына түскен екен. Осыдан 12—13 шақырым жерде Қанай деген жерде жауды қуып жетіп, ұрыс жасап, жауын жеңіп, қолды болған малдарды айдап көрі қайтқан екен. Мына ойдағы үйіне жете алмай, мола тұрған тәбе басында ат үстінде наїзаға сүйеніп, қаза болған, жан тапсырған екен. Міне, ағайындары батыр Қүшікбайды сол жерге жерлеген. Содан былай қарай бұрынғы Арқалық кезеңі Қүшікбай кезеңі деп аталған. Қөрдің бе, анау ойдағы қыстау сол Қүшікбайдың қыстауы. Қазір ол қыстауда Қаптағай апам отыр ғой. Оған қайтарда кіріп амандасамыз. Қазір барсак кешігіп қаламыз, бөгелеміз, атам мен көрі апамды зарықтырып қоярмыз.

— Сонда Қаптағай апам кім?

— Қаптағай апа дегеніміз атаммен бірге туған, әпкесі, шын аты — Бибіхан. Қүшікбай сол Бибіхан апамның күйеуі Қаптағайдың әкесі болған.

Әңгіме осы жерге келгенде шана кезеңге өрлей шығып келеді екен. Манадан бері сырғып келе жаткан шана теңселе бастады. Қүшікбай кезеңі. Дүние астан-кестен. Азынаған боран, жел ұлиды. Ышқына кеп соғады долданып. Ұлла қар үйтқи соғып, аттарды да кібіртікеп жүргізбей келеді.

Шана өр басына әрен шығып, кең жазыққа сырғып түсті. Ауа райы құлімдеп, өзгеріп сала берді. Ыз еткен жел де жоқ. Сақылдаған аяз да, құтырынған боран да жоқ. Дала тып-тыныш. Кешқұрым. Жолаушылар Итжонға ілікті.

— Шүйінші, ата, көрі апа, қара көрінді. Мұхтар келеді.

— Қалағандарың болсын, кәне?

— Эне, Итжоннан асты.

Жетпістен асқан атам Құлтөбенің басында дегірсіздене отыр. Мұхтарларды көрген біз—Ағзам ағам, Біләл ұшеуіміз атқа шана қостық. Алдарынан шықпак болдық.

— Бөгде кісі ме өздері,— дейді атам,— сонша неге жай жүреді. Ау Ағзам, олардың алдарынан шықпай-ақ қойындар. Бөгейсіндер.

— Бармаңдар, алданырасыңдар,— дейді көрі апам да-
мыл таптай.

Мен көнбедім. Шанаға қарғып міндім, атқа қамшы
бастым.

— Тай-құлындай тебісken немелер бірін-бірі сағынған
ғой, барсын,— деді Омархан ағам мен Нұржамал.

Мұхтар өзін айналдыра ораған киізін тастап, жүресінен
отыр шана үстінде. Аяқарағанда оларға қарсы ұшырадық.
Мұхтар шанадан қарғып түсті, құшақтай-алды.

— Балалар жетеді енді! — дейді Қаске.— Атам мен кे-
рі апам күтіп отыр-ау. Қәне, кеттік.

Шана қораның алдына келіп тоқтады. Мұхтар көптен
сағынған аяулы жан атасының құшағына молынан енді де
кетті. Мандайынан иіскейді... Көрі апамның мейірманды
жүрегі елжіреп, толғанып жатыр. Сол уақытта әдеп сақ-
тап, құлының құшағына алуға бата алмай тұрған Омархан
ағамның көзінде, Нұржамалдың кірпіктерінде қуаныш жа-
сы бар еді.

ӘСЕРДІҢ ӘСЕРІ БАР

Мұхтар кешегі кір-қожалақ, пұшық мұрын Шонқа емес,
байқаймын, Семейде жарты жыл орыс-қырғыз мектебінде
оқығаны оған үлкен әсер еткен. Алдымен сырт көрінісі
тартады. Үстіне киген формасы өзіне құйып қойғандай екен.
Сонымен бірге Мұхтардың жүріс-тұрысы да өзгерген тә-
різді.

Семейден Қаске мен Мұхтардың келгені ауыл-аймаққа
тез тарап, дос-жарандар: «Әуке аға, көрі апа, Мұхтар неме-
рец келіп көңілінді бір демdedің бе?» — деп, жалпы ыстық
сезімдерін білдіріп жатыр. Бірақ ауыл адамдарының пифы-
лы бәрі бірдей емес. Мұхтардың формалы киімін көрген ел
билеген би мен болыс, кейбір карттар «сұмдық» деп шу
ете түсті.

— Сорлы Омархан қожаның жылағанындаі бар екен
ғой,— дейді кейбіреулер.— Жап-жас баланың бұзылғанын-
ай, эттең...

— Бәленің бәрі Әуез шалда,— дейді екіншілері.— Төрі-
нен көрі жақын болып отырып, орысшылын қайтерсін. Жас-
тарды бұзып, ауылды әбден ластап бітер.

Қаске мен Мұхтардың піріміз қожаның дәстүрін бұзып,
орысша оқуы «Абайдың теріс әсері» деп білді болыс пен
 билер жағы.

Ел адамдары «балық басынан шіриді» дегендей, үлкен
қожаның бұл қай қылығы, дінді тарату орнына бүкіл То-

бықтыны бұзып құртатын болды, болмайды ол, шыдамаймыз, айтамыз Әуезге, кайтынрайдан деп, кісі салғандар да болған.

— Үлкен қожа, бұл не қылғаның?

Халыққа безерлігі жок, қой аузынан шөп алмайтын атам сасып қалды.

— Не қылыштын, не істеппін? Түсіндіріндерші!

— Балаң мен немеренді орысша оқытып, ел дәстүрін бұздың. Байлауын өзің айт, осы қылышың шарифат жолына жата ма?

Атам әңгіменің байыбына енді түсінді. Жер шұқылап отыр.

— Алла-ай, сақтай гөр! Біз мұны қожекеңнен күткен жоқ едік...

— Айналайын ағайын,— деді атам ойланған сөйлеп.— Біреу болыс, екіншің би, үшіншің бай. Қанша айтқанмен на-сихатты ешқайсың тыңдамайсың, білемін, мен айтсам бұл күнің, бұл дүниен бір пұл байқасаң. Абай айтқандай: «...Байлар, олар өздері де бір күн болса да, дәулет қонып, дүниенің жарымы басында тұр. Өзінде жоқты малмен са-тып алады. Қөнілдері көкте, көздері аспанда, адалдық, арамдық, ақыл, ғылым, білім еш нәрсе малдан қымбат де-мейді. Мал болса, құдай тағаланы да паралап алам дейді...» Менде мұның бірі де жоқ. Мен де пендемін. Өлмес жолым-ды іздесем деймін.

— Абай, Абай деп, Абайды алдыңа саласың да отыра-сын, қожеке! Дозаққа да алып кетесің бе Абайды.

— Иә, иә,— деп шулап қоя берді көкірегін кір басқан қариялар жағы.— Оған құдай көне қоймас. Өзі ойынша не істейсіз, не істейміз. Тоқетерін айт, қожеке.

— Айтсам, бұл күн күн емес, жатпай-тұрмай орыстың мәдениетін, ғылымын үйрен, сонда айың оқынан туады.

— Алдымен үлкен қожа бұзылған екен. Бұл да Абайдың теріс әсері,— деді елдің атқамінерлері.

Ауылымыз Абай ауылымен қысы-жазы жапсарлас, қойы өрісте, ағайын-туыстай араласып кеткенбіз. Сөз жоқ, Мұхтар ес білгелі Абай, Абайдың есті балаларынан үлкен тәр-бие алды, үлгі-өнеге алды.

Атам ескіше оқып, хат танып, әріпті жаза бастаған соң, жеті жастанда Мұхтарға, бәрімізге Абай өлеңін, қара сөзін үйрете бастаған. Күн екіндіге таянып қалған кез. Таңертен-нен бері әріпті жаттап отырмыз.

— Балаларым,— деді атам көнілді сөйлеп бірден,— осы жаттап отырғандарынды келесі күні таңертен мәған айтып

бересіндер. Ал қазірден бастап Абайдың қара сөзімән та-
нысасындар. Мұны да күн аралатып, кешкүрим жатқа ай-
тып беріп отырасындар.

— Жарайды.

— Ал, Мұхтар, сен жазып ал,— деп, атай сөйлеп кетті.— «Естілген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар. Әуелі — көкірегі байлаулы, берік болмақ керек. Екінші — сол нәрсені естігендे я көргенде ғибрәтләну керек, көңілденіп, түшініп, ынтамен ұғу керек. Ушінші — сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып, ойланып, көңілге бекіту керек. Төртінші — кеселді ойлардан қашық болу керек...»

Атай бұл сөздердің сырын, мағынасын қайта-қайта ту-
сіндірді. Кейін Біләлға Абайдың 33-ші, маған болса «Адам
ата-анадан туғанда есті болмайды» деп басталатын қара-
сөзін берді. Аз-кем бой жазып, демалған соң Абай қара
сөзін жаттауға кірістік.

Содан былай қарай атамыз мейірленіп, күн ұзақ бас ай-
налдырған ескіше оқу қала бастады. Енді Пушкин, Крылов,
Лермонтов деген жаңа есімдерді естіп, «Жалау», «Ой»,
«Қанжар», «Татьяна сөзі», «Онегиннің Татьянаға жазған ха-
ты» деген өлеңдер мен «Емен мен шілік», «Піл мен қанден»
деген мысалдарды күн-түн демей жатқа айта бастадық.

Қазақ халқының рухани мәдениетінің асыл қазынасын-
ың бірі — ауыз әдебиеті екені анық. Атам халық ауыз әде-
биетін үйретті. Әсіресе ғашықтық жырлардан үзінділер кел-
тіріп, бізге үлкен шабытпен талай әңгімелеп бергені бар.
Міне, атам аузынан «Туған жер» деген халық әнін бірінші
рет естігеніміз бар.

«Ата-анам ақ батанды аттап кеттім,
Тентек ел талқысына тастан кеттім.
Болсам да шұбар жылан іштен шыққан,
Қарғамас деген сенім тастан кеттім.
Қарғама жалғызынды-ай!
Туған ел, амандаسام жас-кәріце.
Бірге өсken құрбы-құрдас дос бәріце,
Жараксан әзіл-сауық аға-женге,
Аласың мені не деп естеріңе!
Туған жер, енді аман бол!»

дейтін.

Атам «Еңлік — Кебек», «Айман — Шолпан» эпостық
жырлардан, «Алпамыс», «Қобыланды» жырларындағы ба-
тырлар ісінен, «Күн астындағы Күнікей қызы» атты қиял-
ғажайып ертегілерін де айтып берген.

Қырдағы түнгі ойындарымыздың бірі — ақ сүйек. Ақ сү-
йек — бала жасымыздан жақсы көретін ойындарымыздың

бірі еді. Ай жарықта кең далада ойнаған ойын ойымызды сергітіп, өзімізді шынықтыра түсетін. Жас Мұхтар да сол ақ сүйек ойының құмарта ойнайтын. Мұхтар ақ сүйекті тапқыш еді, әрі жүргіріш, мәреге де бұрын жететін, Мұхтар жағындағы балалар көбірек ұтатын.

1914 жылдың сентябрь айлары. Жаңа оку жылы басталды. Оқуға жіберген балалардың көбі бүгін үлкен Семейде-гі үлкен шіркеу алаңында ойнап жүр. Осы алаңға келе жатқан Мұхтар, Нәсір, Дәку қызы әңгімелесіп келеді.

— Мұхтар, өткен күні мен кітапханадан «Русский спорт» деген журналды оқыдыым,— деді Дәку.

— Иә, не депті?

— Эйтеуір футбол ойыны деген біздің ойнап жүрген доп ойынынан басқа. Аяқпен тебетін көрінеді. Қызық екен.

— Эй, сені-ай! — деді Мұхтар.— Қызықсың өзің, қайдағы журналдан оқығаныңды айтасың. Міне, көз алдында орыс балалары ойнап жатқан жоқ па сол ойынды. Неткен қызық ойын еді. Эне-әне, көріңдерші.

— Анау футбол ойнаған кілең орыс балалар,— деді Нәсір.— Біз неге ойнамаймыз?

— Міне, біз жүрміз фой, түк бітірмей. Сол ойынға араса алмай жүрміз фой,— деді Дәку Мұхтарға қарап.

— Дұрыс айтасың,— деді Мұхтар.— Бірақ ойымды бөлмеші, осы Семейде сонау Москвадан 1912 жылы келген Николай Николаевич Куприянов деген кісі бар деп естідім. Мына орыс балаларына спорттық киім алып беріп, ойынның тәртібін үйретіп жүрген сол кісі екен. Өзі үйретуші болса керек. Соңан соң Алексей Михайлович Огородников деген футболды жақсы ойнайтын шәкірті, жергілікті жігіт тағы бар дейді. Сөздің қысқасы, солармен байланыс жасайык.

— Маңына сені жолата қояр ма екен,— деді Нәсір екі ұшты оймен.

— Ой, не дегенің. Өз ақшамызға бір мяч тауып берсе болғаны.

Әлгі үш бала сол жерде өзара келісіп, істі бөлісіп алды. Мұхтар болса Николай Николаевич Куприяновты іздеп, Нәсір мен Дәку болса футбол ойнауға қатысуға ерік білдіретін қазақ балаларының тізімін алып, ақша жинауға кетті. Олардың кездесетін жері Новалевский фотографиясының маңы болды.

Мұхтар Николай Николаевичті іздеп көп жерге барып, оны базар алаңынан кездестірді. Ықшам, ыңғайлы, спорт киімін киіп алған Николай Николаевич бір топ баланы басқарып, базар алаңын тазалап жүр екен. Мұхтар сырттай

сұрап еді, бұл жерде өртөң футбол жаттығуы болады, кейін жолдастық кездесулер өткізілетін көрінеді.

— Сәлем, Николай Николаевич,— деп, Мұхтар жетіп келді.— Кешірерсіз, ағай, мен сізге бір жұмыспен келіп едім.

— Айта ғой, жайшылық па, қайдан?

— Училищеден.

— Жақсы, жақсы. Қәне, не жұмысың бар?

Мұхтар өз ойын түгел баяндады. Николай Николаевич қазақ баласының бұл ойына қуанып кетті, шын көңлімен қарсы алды.

— Талаптарыңа нұр жаусын,— деді Н. Куприянов.— Бірақ сен білесің бе, патша үкіметі қырық қой. Сендердің ойнағандарыңды көре алмайды. Сол үшін спорт жабдықтарын босатпайды, алу өте қыын.

— Немене, ақшасын береміз. Тегін бермесін бізге, ақшамызға берсін.

— Білемін, Мұхтарка,— деп, Николай Николаевич оның басынан сипады.— Патша үкіметінің о бастан жаңалыққа жаны қарсы ғой. Мейлі, мына балаларға алып берген спорт құрал-жабдығынан бір доп, сетка берейін. Қазір ал. Соңан соң балаларыңың санын маған айтарсың. Майқадан да қарасармын.

Бұдан соң Николай Николаевич Куприянов Мұхтарға футбол ойынының ойнау тәртібін, ережесін мұқият түсіндірді.

— Рақмет, ағай, рақмет!

— Жолың болсын,— деп, Николай Николаевич Мұхтардың артынан мейірімді толғаныс үстінде қарап тұрды.

Доп пен сетканы қолға алған Мұхтар алды-артына қармай, зытып келеді. Бет алысы баяғы Новалевский фотографиясының маңы. Куанышында шек жоқ. Достарына жеткенше асығып келеді, жүгіріп келеді. Оны Нәсір, Қасым, Дәку, тағы басқалары қуана-қуана қарсы алды.

Жастар серпіліс үстінде. Олар сетканы да құруға шамасы келмей, Николай Николаевичтің айтуы бойынша екі жерді белгілеп жіберіп, екі жаққа бөлініп, әлгі допты аяқ-пен тебе жөнелді.

— Сетка мен допты қайда қоямыз? — деді Мұхтар...

— Қам жеме,— деді Нәсір.— Мына фотографияда Ирик ағай істейді. Соған қоямыз. Қиянат жасамайды.

Арада көп уақыт өткен жоқ. Ноғай балалары мен қазақ балаларынан Семей қаласында 24 адамнан «Ярыш» атты футбол командасы құрылды.



1914 жыл. Семей жастарының «Ярыш» атты футбол командасы. Мұхтар Әуезов үшінші қатарда оңдан санаганда екінші (суреттің төбесінде ақ дәңгелегі бар.)

Мұхтармен бірге оқыған, әрі сол футбол командасына қатынасқан, қазір көзі тірі Өзбек ССР Фылым академиясының қызметкері, ғалым Қасым Мұхамедов жолдас өткенді еске алып, былай дейді:

«Футболды екі маусымда, оқуға алғаш келгенде және май айларында ойнайтынбыз. Жұмасына екі, үш рет базар, шіркеу алаңдарында бас қосатынбыз. Онда әркім өз үлесін қосатын. Мақсатымыз біреуді, қарсы жақты ұтып кету емес еді, футбол ойынын үйрену еді. Бұл шынында да қазақ балалары үшін үлкен жаңалық болатын. Футбол ойнау ақ сүйектен гөрі орыс мәдениетіне бізді жақындана түсті. Сабак-ка аса зейінді Мұхтар «Ярыш» командасының құрамында ойнап жургенде өзінің тағы бір таланттың көрсеткен. Біз оның бойынан қолға алған максатты іске беріктігін, әр нәрсені білуге, үйренуге құштарлығын байқайтынбыз. Бұл кезде, оқып жүрген кезінде Мұхтар «өнерді үйрен де жириң» деген қағиданы, немесе «жігіт сегіз қырлы, бір сырлы болу

керек» деген мәтелді жадында берік сақтайтын адам бол көрінетін».

Бала Мұхтар осындай мақсатшыл, зейінді еді. Оның бойымен бірге ойы өсті. Еңбекпен, спортпен денесі шыныға түсті. Бұрынғыдан да байсалды, өзіндік ой иесі бол келе жатты. Әсіреле әдбиетті сүйіп оқитын, қазақ ауыз әдебиетінің тамаша нұсқаларын сүйетін.

МЫНА БІР ЖАРТАСТЫ-АЙ!

Жаз еді. Ералы жайлауы. Тәскейдегі Ойқұдық шөбі мол, шүйгінді жайлау еді. Оның есесіне сұы аңы, кермек болатын-ды.

Басқа жайлау, елден келген адам Ойқұдықтың сұнының сорпасын ішіп, шәйін іше алмайды. Бұл жазда Семейден елге келген Мұхтар тап солай болды. Қелгенине едәуір күн болса да, мейірленіп тамақ жей алған жоқ.

— Ау, Ахмет! — деді Мұхтар бір күні.— Күн болса ысын кетті. Ойқұдықтың аңы сұына қамалып неміз бар, жайлаудағы елді аралап қайтайық.

— Дұрыс, кеттік,— дедім, Шыңғыс сыртындағы елге тарттық.

Тұс ауа Бөкенші асуының аузындағы Қодар құлаған жартасқа келіп, ат сулатпақ болдық. Өзен жағасы. Айнала шалғын. Табан астында мөлдір сұлы Бөкенші ағып жатыр сылдырап. Біз таза суға беті-қолымызды жуып, таулы өнірдің әсемдігіне қызыға қарап, тамашалаймыз. Мұхтар тау көрінісіне қызықтамаған сияқты. Бірде Мұхтар маған:

— Сонау жартас маған көп ой салып жүр! — деді.

— Қайсы жартас?

— Түк білмей қалғанын қарашы табан астында.

— Шыңғыста не көп, жартас көп емес пе. Қайсыбірін білейін.

— Ахмет, сениң есінде ме?

— Ештеңе есімде жоқ. Болса бүйірмасын. Түсіндірші.

— Қәрі апамның әңгімесі есінде ме?

— Иә, алтын сөзін ұғар құлақ болса кәрі апам көп нәрсе айтқан еді...

— Қодар өз келіні Қамқамен бопты деп, оны Құнанбай біліп қойып, осы жартастан құлатып, таспен аттырып өлтірткенін кәрі апам талай рет айтқан емес пе еді. Осы маған көп ой салып жүр... Абай ағам туралы бірдене жазсам ба деймін...

Алыстаң салт аттылы көрінді. Тосып алдық. Сөйтсек, ол Абайдың шәкірті, Қекбай екен.

Мұхтар Қекбайдың кез келгенін куанаң карсы алды.

— Жол болсын, балалар?

— Әлей болсын, Шыңғыс сыртына, Құдайбердінікіне.

— Өзінің ше?

— Мен де солай. Кеттік.

— Атай, жол қысқарсын, әңгіме айтыңыз? — дедім мен.

— Жақсының жақсылығын айт абыроиы тасысын депті ғой. Абаймен көп жолдас болып ем, сол туралы айтайын.

— Айтыңыз, айтыңыз.

Қекбай ақын сыр шерте жөнелді.

«...Құнанбай балалары ендігі билікті Оспанға берді. Бакқа, билікке ожар Оспан таласты.

Абай істің жайын байқап қараса, Оспанның қарсыласы Құнтудан женілетін түрі бар екен. Абай дереу араға түседі. Жілтектегі елу басыға сөз салады.

Әлгі елу басы шарын Оспан жаққа салатын боп уәдесін мықтап береді.

Бір күні Абай Құнту жағының әлгі елу басыға ақшаны көп бергенін, оның сатылғанын сезіп қояды.

Елу басыда тыныштық жоқ. Құлқын сәріден Абайдың үйіне жетіп келеді. Беймаза, сұғанақ, орынсыз, дәмсіз сөйлейтін, жексүрүн адам еді. Мен сезіп жүрмін, Абай әбден мезі болды. Ол Абайға қундіз тірлік істептеді, өлең жаздырмады. Бір күні маған Абай:

— Ертең таңертең анау соғынды келмей тұрып, басқа ауылға аттанып кетейік, өлең жазайық. Бір күн болса да соған таптырмай көрейік,— деді.

— Жарайды...

Таң алагеуім. Қой өргізген қойшымен бірге біз де аттандық. Ауылға, үй-ішіне барап жеріміз, жөнімізді білдірмей белден-бел асып, бір орта шаруаның үйіне кеп түстік.

Қозы сойылды. Түс таянып, ет пісіп келеді.

— Соғындыдан бүгін құтылған шығармыз,— деп, Абай көңілді отыр, өлең тоқып.

— Элі ерте ғой,— дедім.

Қолға су құйылды. Үй иесі ас алып келді. Мен үнемі Абайдың сол жағында отыратынмын. Бүгін де солай. Шөкелеп ет-майды қиялай турап отырмын.

— Ассалау мағалейкүм! — деп, әлгі жалғыз көзді соғындының үйге кіріп келгені.

Ол қолын шала жуып, Абайдың он жақ тізесін баса отырды. Табактан ет алып, түйіле жей бастады.

Абай қорқаулығын, амандық сұрамағанын ерсі көрді.
Менің оң қолымнан ұстап:

— Көке, бір ауыз өлең айтып жіберші дегені:

«Тағы келіп қалдың ба, «сұғанақ көк»
Қайдан ғана табасың «сығалап» кеп.
Саған ғана дайындал отырғандай,
Қапаш-құпаш асайсың «сыбалап» кеп»,—

dedім, етті турап та болдым. Сонда Абай мырс етті.

— Эй, Абай, ендігі сенен естімегенім осы ма еді? — деді әлгі сұғанақ жалғыз көзін шақшытып кеп.

— Бұл не дегенің! Сөз естісең өзіңің мінезінен. Ерте-лі-кеш болмадың гой өкшелеп. Сенің шарыңмен Оспан болыс болмаса, болмай-ақ қойсын. Аулак жүр! — деп, Абай сылқылдан күлді...»

— Қалай, балалар зеріккен жоқсындар ма? — деп қояды Қекбай.

— Жо... Жоқ. Тағы айтыңыз?

«...Шамасы 1886 жылдың шығысы, 1887 жылдың кірісі болатын. Алажаздай Абайдың жанында бірге болдым. Абай екеуміз Тобықтының бес болысын аралап, көңіл жетер талай достардың үйінде болдық. Қызық, думан, тамаша. Абай сол сапарында тек серілік құрған жоқ, қалың үлі жатақтың сойылын соғып, талай кедейдің ақысын алып берді байлардан. Қыс түсті. Абайдан ауылға барып қайтуға рұқсат сұрадым.

— Ауылыңа бір айға барып кел,— деді Абай.— Бірақ босқа қарап жатпа. Дастан жаз.

Мұқыр болысындағы ауылым тарттым. Ауылға келген соң көптен көрмеген ағайын-жеккож кезек-кезек қонаққа шақырып жүргендеге мерзімді уақыт бітіп қалыпты. Санымды бір-ақ соқтым.

— Ойбай, атты әкел! Абай алдына белгілі күнде жетуім керек.

Күн ақпандаған боран, аяз. «Тұһ» деген түкірік жерге түспейді. Жидебайға келем асырып. Ойым әр саққа шашырап, даланы құйындастып келем.

Абай Ділдәнің үйінде екен. Усті-басым сауыс мұз.

— Ассалаумағалейкум, Абай аға! — деп кіріп келдім.

Абай көйлекшен, жамбастап жайбарақат отыр екен.

— О, Қекең келіп қалды гой,— деді Абай.— Қәне, айттып жіберші!

Тымақтың бауы байлаулы, белім буулы. Ауылдан шыққалы бері ойлап, көңілге түйгенімді соғып тұрмын. Ақбоз аттың сын-сипатын айттым.

— Қекенде шешіндіріндер. Жоғары шық, жылың!
Сыртқы киімінді шешіп, жылыңғанымнан кейін Абай:
— Кәне, дәптерінді бері берші, қалғаның өзім оқыны,—
деді.

Оқып шықты да:

— Э, осыған да ризамын. Қайта жаз. Сен Ақбоз аттың
сынын келтіре алмапсың. Оның сыны, менімше, мынадай
болуы керек,— деп, Абай қолына қағаз-қарындаш алды.

Көп уақыт өткен жоқ. Абай өлеңді бүркүратып жазып
тастады қолма-қол. Оқи жөнелді:

«Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлак,
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабак;
Ауызомыртқа шығыңқы, майда жалды,
Ой желке, үңгірейген болса сағақ.

Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті,
Қабыргалы, жоталы, болса күшті.
Ойынды еті бөл-бөлек, омыраулы,
Тояттаған бүркіттей салқы төсті.

Жуан, тақыр бақайлы, жұмыр тұяқ,
Шынтағы қабыргадан тұрса аулақ.
Жерсоғарлы, сінірлі, аяғы тік,
Жаурыны етсіз жалпақ тақтайдай-ақ.

Кең сауырлы, тар мықын, қалбағайлы,
Алды-арты бірдей келсе ерге жайлы.
Құлте құйрық, қыл түбі әлді келіп,
Көтөндігі шығыңқы, аламайлышы...»

Міне, қара сөзбен өлеңге келгенде алдына жан салмай-
тын Абай «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлак» өлеңін
қолма-қол осылай жазып тастаған еді...

— Ау, Абай, мына сынына да сын айтуға боп қалды
ғой,— деп Абай жанында көп болған, сынши Қарасақау
шап ете түсті.

— Ал, айта қойшы,— деп, Абай ақырып қалды, тесіле
қарап.

— Шоқпардай кекілі бар дейсің.

— Иә, иә... Солай, Қарасақау.

— Онда ол жылқының құлын сияқты маңдайы томпак
келеді. Миы көп болады. Миы көп болған соң басы айналып
шаба алмайды ат.

— Дұрыс! Жұрттың бәрі Қарасақау бола бере ме? Шоқ-
пардай кекілі бар дегенім ат сипатына жарасымды, қазақ-
тың тұшынып айтуына тұрарлық сөз,— деп, Абай өлеңін өз-
герктен жок...»

САЯТТА

Күзде елге Семейден Мұхтар келді. Ол ауыл жастарына, құрбы-құрдастарына сейіл-серуенді аңсап келгенін білдірді.

— Оnda Салбурынға шығайық,— деп, ауылдағы жігіттер жағы Мұхтарды қостай кетті.

Содан Салбурынның қамына кірістік. Сейіл-серуенді үйымдастыруши Ағзам ағам мен Мағауияның Жағыпараты (Жәкім) болды.

Таңертенгі шақ. Үлкен үйге тұс-тұстан ағылып, жаразулы ат мінген жігіттер келе бастады. Қері қара аңқылдан, дауыстап келді:

— Ay, Mұхтаржан, әлі тырп ететін емессің ғой тіпті. Тым болмаса мына менің серуенге шығатын күні түні бойы қуанып, көз ілмей шыққанын ескерсеңші.

— Міне, дайынмын мен, жолға.

Сәске тұс. Бір топ жас Қекен тауына бет алды. Әлгі осы топ ішінде таңдайынан бал тамған әнші, өнерлі жастар да бар. Олар скрипкашы Ізкеш, домбырашы Үсрайыл Ақылбайұлы, ер балаша киінген, ән салып, үйренуге талапкер еркекшора Мағрипа (Мәкен) Тұрағұл қызы, Ақылбайұлы Әлімқұлдың баласы Бағыш та бар еді.

Ағзам ағам Аққасқаны жетегіне алып, Өтекелдімен (Кәрі қара) өз алдына оқшау келеді. Қері қара жасы келсе де әңгімешіл, ертекші, құлдіргі, сауыққой адам еді. Ауылдан былай ұзаңқырап шыққан соң жастар жағы соған келіп қосылды. Бәрінің ортаға алғаны әлгі Қері қара.

— Жол қысқарсын, Қері қара,— деді Мұхтар,— мына жастарға Семейдегі біздің үйді қалай табатыныңды айтып берші.

— Е, ішіл Қері қараға сол да сөз болып па,— деді біреу.

— Олай деме,— деп, Өтекелді шап ете түсті.— Самсаған ақ үй, самсаған қос терезелі үйлердің ішінен Мұхтардың үйін қалай табасын. Ішіл болсан, ажыратып көр. Басың шыр айналады, миын катады.

— Бұл қалай? — деді Ағзам таңданып.— Айдалада кесіп өткен бір із көрсөніз оны бұлжытпай айрып, табасыз, ал белгілі бір жерді, көше бойындағы үйді таппағаныныз қызық екен.

— Шын, Мұхтардың үйін таба алмағаным.

— Сонда қалай табасыз?

— Одай табамын. Межелі жүріп өткен жерге таяна бер-



Оңнан солға қарай: Мұхтар Әүезов, алдындағы қызы Мұғаш. Сол жақтагы шеткі — Жәбірәйіл (Жебеш) Тұрагұлұлы, екінші — ақын Иса Байзақов.

генде, аттың басын бос қойып, дүбірлете шаба жөнелемін. Біраз шапқан соң бір қақпа астынан сары күшік шәуілдеп шыға келеді. Қілт оңға бұрыламын, екінші үй Мұхтардікі.

- Ал сары күшік шықпай қалса қайтесіз?
- Қайта шабамын.
- Тағы шықпаса.
- Қайта шабамын. Тағы шабамын қиқулап. Өзі үшін шығады.

Қыран күлкі.

- Мәкен бауырым, жарық дүниені кере алмай, зарлаған үніне ел қосылған, өмірге ғашық жастың әнін білесің бе?
- Білемін, Мұхтар аға.
- Айтып жіберші.

Мәкен ашық дауыспен, күрең тәбел атын тебіне түсіп, ән салды:

«Менің әкем, жүртым-ау, мыңды айдаған,
Ер Қонақай наизаға ту байлаған.
Құдайым бес жасынан көзімді алып,
Атандым Ажар соқыр сор қайнаған.

Көзімді алдың, құдай, көрмесін деп,
Жын-шайтанның соңына ермесін деп.
Айтты екен қандай молда, қандай сопы
Соқырга берген қайыр тимесін деп».

— Пәллі, Мәкен... Молда мен сопыны қатырған екен Ажар.

Оқшау келе жатқан Жәбірәйіл қарындасы Мәкеннің даусын іліп алып, қоңыр әнге басты:

— Сарғайып сары белден атады-ай таң,
Жолдасым қасымдағы бәрі де пан.
Ей қыздар, танымасан, танытайын,
Баласы Майбасардың Мұхамеджан,—

дей бергенде, Мағрипа Мұхамеджанның «Әкелім» әнін шырқай жөнелді.

«Серінің серуендеуге көнілі ояңды,
Ойландым бастайын деп бір сояңды.
Түсті ғой сәуле еске, жолдастарым,
Әп келші қамыс құлак боз қоянды».

— Бәрекелді, бәрекелді, көп жаса,— деп, әсіресе Қәрі қара риза болып қалды.

Көкен тауының баурайы. Салбурынға шыққан жастар әлі жүріп келеді. Ағзамың ізdegені қасқыр мен түлкі мекені — Шатқалаң. Жете алмай келеді межелі жеріне. Жолжөнекей зерікпейтін тыңдаушысы бар әншілер де өз өнерлөрін жалықпай көрсетіп бақты. Ізкәйіл скрипкаға «Тілеуқа-бақ» әнін қосты:

«Айқайлап ән саламын Тілеуқабак,
Керілер өлең айтсам қас пен қабак.
Көнілдің куанышын жырга қосып,
Келді ғой бар дауыспен шырқайтын шақ».

Ағзам бастаған жастар Көкен тауының шүрайлы беліне кештете келді. Ертеңіне ертелең аң аулауға шықты. Топ жарылып екіге бөлінді. Ағзам Аққасқасын алып, тасқияға өрлеп келеді. Бұған Мұхтар мен Қәрі қара ілестік.

— Тастан түлкі табылар аңдығанға,— деп қояды Ағзам ағам.

Ішшіл Қәрі қара өр тасқа шыққан сайын ұзаққа көз жіберіп, табан астына шүкшія қарайды. Салаң еткен түлкі ізі көзіне ілінбей келеді. Қәрі қара із кесті.

— Әккі түлкі қайтқан,— деді ол ізді қуалай жүріп,— өрлейік.

Со сэтте Ағзам көзі қиядан шалды тұлкіні.

— Айтак, Аққасқа! Бас! — деп айқайлады.

Тау ішін дүбірлетіп, қиқу салып, шауып келеміз. Әккі хайуан түрлі әдіске, бұлаңға салып, сілемізді қатырды. Айқайлай-айқайлай дауыс та қарлықты. Тастан-тасқа қоқатай секірген тұлкі шыбын жанға таласып, өрлеп келеді, өрлеп. Шоқақтап қалды. Шаршағаны. Таю қалдық. Тұлкі тісін ақситады. Аққасқа да соңғы сілтеуге салып, орағытып, бүйірден қосылып, үлкен жартасқа шықты. Ойдағы тұлкіге бір-ақ секіріп, желкесінен бас салды. Арпалыс...

Алғашқы күні, сөйтіп, серуеннен табысты оралдық. Жер ошақ қазылды, қазан асылды. Ізкәйілдер ұстаған киік етінің буы бүркүрап, иісі мұрынды жарады. Жәбірәйіл болса қоян етін қызыл шоққа қақтап, ошақ басында отыр. Тау бауырында ошақ жанында толқынды асқақ ән қайта қалықтай жөнелді.

— Қәне, Жебеш, рақаттанайықшы,— деді бір кезде Ізкеш.— «Татьяна сөзін» айтып жіберші.

Жебеш іркілген жоқ.

«Тәнірі қосқан жар едің сен,
Жар ете алмай кетіп ең.
Ол кезімде бала едім мен,
Аямасқа бекіп ең»,—

деп тоқтады.

— Жанға жайлыш бұл қайсы ән,— деді Өтекелді.— Бұрын-соңды мен естімеген ән гой.

— Пушкиннен, «Татьяна сөзі». Абай ағам аударған,— деді Мұхтар.

— Фошкин,— деп қайталады Қәрі қара.— Кім өзі бұл?

— Айта бер, Жебеш,— деді Ағзам.— Қәрі қара, бері кел. Мен түсіндіріп берейін өлең сырын.

Жебеш тоқтаған жоқ. Ән созыла берді.

«Талақ етіп бұл ғаламды,
Болды мәлім кеткенің,
Кінәсі жоқ жас адамды,
Қатты соққан не еткенің.

Елжіреген жас емес пе ем?
Еллен айтсаң жұбатып,
Мен ғашыққа мас емес пе ем?
Кетсең еді ұзатып.

Сен жарагалы жолбарыс ен.
Мен киіктің лағы ем.
Тірі қалдым, өлмей әрен,
Қатты батты тырнағын».

Эн тынды. Ай сүттей жарық. Таудан соққан жел денені ширага түседі. Тұнгі тыныштық күй.

Киік етін пышақ үстінен бөліп жеген жастар таза ауаны еркін жұтып, екеу-екеу әңгімелесіп, тау ішін аралап кетті. Бір шетте Қәрі қара, Ізкеш, Мұхтар, Ысрайыл келеді. Ысрайыл домбырасын шертіп-шертіп қалғанда, Өтекелді қария:

— Ау, мынау Саймақтың Сары өзені емес пе,— деп кілт тоқтады.— Домбыраның даусын көтере түсші.

— Ал.

— Эр әннің тарихы бар,— деді Өтекелді.— Осы сендер «Саймақтың Сары өзені» атты күйдің дүниеге қалай келгенін білесіндер ме?

— Жоқ, айтып жіберіңізші.

— Кедейлік қайда оңдырған. Ер жігіттің жолын байлан, жомарттың қолына тұсау салған фой. Қыр елінде Саймақ деген кедей жігіт болыпты. Айдаған малы жоқ, сүйенгені де, жұбанышы да бір қу домбыра. Бір күні Саймақ бай қызын алып қашады. Екі жас тау мен тасты аралап, құғыншыдан құтылып, өзен жағасына келіп, дамылдап отырады. Сонда бай қызы:

— Жә, Саймақ, осы мен ел дәстүрін бұзып, ата-анамды жерге қараттым. Сенің соңынан неге еріп кетім. Өзің сіңірің шыққан кедейсің, неңе қызықтым. Бай баласы — қалыңдығым жер соғып ол қалды. Мені сенің соңынан ерткен, алып келген осы домбыраң ғой. Кәне, тартшы! — депті.

Саймақ сонда табан астында тулап жатқан Сары өзенге қарай отырып, домбырасын қолға алған еken. Тарта жөнелді. Қоз алдында толқын тулайды, асав толқын, аскак толқын өрге шапшиды. Қыз да сол толқынның үстінде тербеліп кете барған балбырап. Қос шек қыз қиялғын толқынға қосады. Құмбірлеген күйді тыңдаған бай қызы:

— Мына менің жүрегім, ау Саймақ, жаңылысқан жоқ еken,— деп, риза болған әлгі екеуі бұл жүйдің атын «Саймақтың Сары өзені» қойған еken...

Ысрайыл домбырасын қағып-қағып, «Саймақтың Сары өзенін» күмбірлете тарта жөнелді. Бұдан соң «Бұлан жігіт», «Азамат қожа» күйлері тартылды.

Мағрипа Тұрағұлқызы қазір Сарығағаш селосында тұрады. Өзі кемеліне келген, тандайынан бал тамған әнші. Ол Мұхтарға талай рет Абайдың «Қөзімнің қарасы», «Бойы бұлған», «Қараңғы тұнде тау қалғып», «Қор болды жаным», «Желсіз тұнде жарық ай», «Айттым сәлем, қаламқас», «Сегіз аяқ» әндерін орындалап беріп, ағасын риза еткен. Сол үшін

Мұхтар Әуезов жайлы осы ес-
телікті жазған ағасы Ахмет
Әуезовтың жас көзі. Ол жас ке-
зінде М. Әуезовтың «Еңлік-Ке-
бек» атты пьесасында Кебек
ролін ойнаған.



де Мұхтар Мәкенді бауыр тұтып сыйлайтын. Осы саят-
та да ол ән салып, көптің көңілін көтерді.

— Мұхтар ағам о бастаң әкем Абайдың әнін, зарлы үнді
халық әндерін ұйып тыңдайтын еді,— дейді Мәкен.— Ол со-
нымен бірге үнемі ән тыңдалап қана қоймай, әрбір әннің өз
нақышымен орындалуы жайлы ақыл-кеңес беріп отыратын.
Құр айқай ән болмайды, тәртіпке келтір, қате қыласың, үй-
рен деп отырушы еді абыз алған Мұхтар.

«ҚӨКСЕРЕК» ОСЫЛАЙ ТУҒАН

«Құрмаштың әжесі боздал келіп:

— Кураған-ай, неңді алып ем?! Не жазып едім? Бауы-
рына салып өсіргеннен басқа не ғып еді менің құлыным?! —
деп елді тегіс еңіретіп, Қексеректі басқа тепті».

Мұхтар Әуезовтың әйгілі «Қексерек» әңгімесі осылай
аяқталатыны әркімнің-ақ есінде болар. Бұл әңгіме былай ту-
ған еді.

Ағамыз Ағзам Әуезов алдында Қаске (Қасымбек), ар-
тында Мұхтар екеуміз болған соң еркелеу боп өсті. Ағзамың
үй шаруасымен ісі болмайтын. Үнемі баққаны жақсы
ат, ойлағаны кең далаға шығып аң аулау, қасқыр қуу бо-
латын.

Ұмытпасам күздігүні болатын. Ертіс бойындағы Қереку-
де Аққасқа деген сырттан ит бар екен деген қауесет сөз

ауылға кең тарады. Бұл сөз Ағзамның да құлағына шалынған-ды.

Жақсы иттің хабарын естіген Ағзамда тағат жоқ. Оның ертелі-кеш жар құлағы жастыққа тимей ойлағаны ит алдыру.

— Аққасқаның тұқымын алдырайық,— деп, Ағзам Мұхтарға қолқа салумен болды.

Бүркітпен аң аулап, азулы тазы жүгіртіп, жараса қасқыр қууды Мұхтар о бастан жақсы көріп, жаны сүйетін еді. Оны үлкен серуен деп білетін Мұхтар. Палуан денелі, кесек тұлға аңшы Ағзамды Мұхтардың үнемі сыйласп, жақсы көретіні де сондықтан болса керек. Мұхтар Ағзам ойын бірден қоштай кетті.

Арадан көп уақыт өткен жоқ. Мұхтар қаражат жинап, Керекуге адам жіберді. Сөйтіп, Аққасқаның хабарын алдырыды. Мұнан соң Мұхтар ит иесіне арнайы хат жазып, кемемен Аққасқа, Сарықасқа екі тазы алдырыды. Аққасқа болса Ағзамға тиді, Сарықасқаны Мұхтар Жағыпар Мағауияұлына берді.

Аққасқа кіші-гірім тайдай екен. Оның жанына Ағзамғана жолай алады. Ағзам Аққасқаға ерекше күтім жасады. Тұнде тұмылдырығын алып, босататын да сол. Тұн болды дегенше ауылға, алқа-қотан қойға Аққасқа ие.

Расында, Аққасқа иттің сырттаны еді. Ауыл иттерімен таласпайтын. Тұнде ауыл иттері науада кездесе қалса «ырр» деген даусы бір-ақ шығып, кеудесімен қағып өтетін.

Аққасқаны Ағзам жетегіне алып, Мұхтар екеуміз де жаразулы атқа мініп, талай аңға шыққанымыз, бірнеше көкжал қасқырды қуғанымыз, қызығына әбден батып, соққанымыз бар. Аққасқаның іісшілі-ай! Иісті сезді дегенше, екі көзі оттай жанып, қүйрығын қыса түсіп, жер-көкте тұра алмайтын жануар. Ағзам тұмылдырықты сыпырса болды, Аққасқа алды-артына қарамай кеп зымырайды. Біз де ұмтыла-мыз. Екі-үш қырдан асып кеткен Аққасқаның артынан шапқылай куа жүріп, зорға жеткенімізде көкжалды алқымынан шайнай, айқасып тұрғанын талай көргенбіз. Сол көріністі Мұхтар «Қексерек» әңгімесінде дәлме-дәл көрсеткен.

Ауылдың мал-жанына тал түсте қырғидай тиіп, бір тыныштық бермейтін талай қорқау қасқырлар Кексерек — Аққасқаның алғырылығынан қолға түсті. Бұл оқиғалар Мұхтарға кеп-көп сырлы ой салды. Содан барып сегіз бөлімді Мұхтардың «Қексерек» әңгімесі туған-ды.

Әңгімедегі негізгі шындық осындей. Ал әңгіменің көп жерлері ойдан алынып қосылған. Мәселен, Қараадырдың

Қарағанды сайындағы ескі ін-апаннан ауыл адамдарының қасқыр бөлтірігін алып, кішкене Құрмаштың әлгі бөлтірікке «Қексерек» деп ат қойып, оны асырағаны біздің ауылда, елде болған оқиға емес. Сондай-ақ «Қексеректің» адам қолында тәрбиелене тұрып, қой баққан жас бала — өз иесі Құрмашты жеуі де ойдан алынған. Бұл жәйттер жазушы ойынан құралса да, өмірден өз орнын тауып тұр.

«...Артқы қасқырлар топырладап келіп жетіп, Қекшолаққа ауыз салысты. Былбырап акқан қызыл қанның ісі аш қарындарға мас қылғандай белгі берген еді. Шаптан, қолтықтан, жалаңаш тәстен мықты өткір тістер жұлқып-жұлқып тартқанда, Қекшолақтың қаны жосылып ағып, ішінен бүркырап, буы да шықты. Бұл арада бар ауыз түгелімен жабылып кетіп еді. Аз уақытта Қекшолақтан будыраған жүн мен төрт табан ғана қалды».

Міне, Қексерек бастаған бір топ қасқырлар өз үласы Қекшолақты бас салып, жұлқып-жұлқып жегенде Құрмашты — адамды жемей аяр ма?

Мұхтардың қасқыр бөлтірігін адамның асырап, Қексерекке Құрмашты жегізуінде тағы да қыруар сыр бар, көп нәрсені, жауды аяған жарапы болатынын аңғартады.

Қөпшілік айтса қалып айтпайды. Қөпшілікпен біріксен жалғыз басыңа елден ерекше төнер қауіп жоқ. Ал төне қалған жағдайда, көп болып, көмектесіп құтқарады. Қөппен көрген — ұлы той.

«Құрмаш Қексерек күшікті қанша күтімге сап, оны күнігеге екі мезгіл тамақтандырыса да үрлықты қойған жоқ. Адал асты білмеді. Қішкене қасқырдың қылышын, жауалышын аңғарған ауыл адамдары:

— Ұры, асырасаң да мал болмайды. Тұкымы жау емес пе! — десті.

Татулық жоқ, сұық... Өскен сайын сыйданып, сұықтанып келеді, сол мінезін байқаған үлкендер:

— Енді мұны өлтіріп, терісін алу керек. Осы кәпір түбінде ел болмайды,— дейтін де болып еді. Бірақ Құрмаш көнбеді».

Иә, қөпшілікке қарсы тұру, ажалға қарсы тұрумен бірдей рой.

Әмірдің ашысы мен тұщысын бірдей татқан үлкен адам — әке қауіп пен қатерді тез аңғарып, қиядан шалады. Әке ойы мен сөзі шынайы өмірге жанасымды болса, оның айтқанын істеп, тілін алу балаға бірінші парыз екенін Мұхтар «Қексерек» әңгімесінде толық көрсете білген. Былай деп жазады Мұхтар әке сөзін:

«Көксерек жалғыз өзі баяулап ауылға келді...

— Түү, мына кәпірдің екі көзі жап-жасыл бол кетіпті-ау, тұқымын сезген екен мына жүзі қара, қой, балам, енді мұны өлтіріп, терісін алайық...»

Бірақ түлен түрткен Құрмаш тағы көнбеді, әке сөзін құлаққа аспады... Айдала. Құрмаш қозы бағып жүр. Көксерек Құрмашқа тап берді. «...Содан әрі баланың үні өшті. Қасқырдың аузы тиместен бұрын өліп кетті. Көксерек ырылдан тұрып тісінің ұшымен қағып, жұлып алып, басын шайқай өткенде, баланың бір жақ көзін қопарып алып кетті. Жүріп бара жатып, қылғып салды».

Хасен Аққасқасын жетектеп, Құрмашты жеген Көксеректің ізіне түсті.

«Өр жақта Аққасқа: шайнасып түрған ауыздардан сіле-кей мен қан аралас ағып сырыйладап тұр.

Бұл кезде Бейсембай да қара пышақты Көксеректің өк-песіне салып-салып жіберіп еді». Міне, Көксерек Аққасқа-ның алғырылығынан қолға түсті.

«Бұл әңгіменің ортасындағы Хасен еді. Ол — белгілі аңшы. Баяғыдан құс салып, ит жүгірткен, өзі осы маңайдың ауқатты, әлді жігіті. Қара адырдың мырзасымағы. Қалада қызметте тұратын інісі бар. Сол арқылы биыл күзді күні бұның ауылына шетелден қасқыр алатын бір ит келген. Қазір барлық Қараадырға да, маңайдағы өзге елге де данқы шықкан Аққасқа осы Хасенің иті».

Көріп отырысыздар, бұл әңгіменің кейіпкері Хасен ағамыз Ағзам Әуезов болатын. Қалада қызмет істейтін інісі бар деп өзін айтып отыр Мұхтар. Жер аты Қараадыр — Бөрілі боялатын.

— Ахмет,—деді бір күні Мұхтар,—өзіңмен, Ағзам ағаммен бірге Аққасқаға қасқыр құдырып, аң аулатып, қызығына батқан серуеннен «Көксерек» деген әңгіме жаздым.

— Жарайды, кәне, тындай қояйық, әңгіменді оқып берші?

— Әңгімелеу қашпас, Ахмет, сенімен келісіп алатын бір жәй бар еді.

— Айта ғой.

— Аққасқаны Керекуден алдыртты деуге қимай тұрмын.

— Неге?

— Ауыл арасы жақын ғой. Аққасқаны Хасен — Ағзам қалада қызмет істеп түрған інісі арқылы шетелден алдырған десем әңгіме желісін байыта түскен болар едім.

— Дұрыс, қосыламын,— дедім.— Өзінді де Бөрлінің белінен бөркінді дардай ғып көрсеткен екенсін.

Содан Мұхтар ха-ха-лап әбден күлгені бар. Сол күнгі Мұхтардың ақ жарқын жүзі көз алдында, күлкісі әлі құлағымда. Сұнқар боп қалықтап жүр төбемде. Бұл күнде Мұхтарымды еске алсам, орыс жазушысы Николай Погодиннің мына бір сөзі тілге орала береді:

«Менің үнемі көз алдынан кетпейтін ақыл иесі, ақ ниет адамның ақ жарқын жылы жүзі. Оның өмір жасы артта, әлдеқайда өмір жолында өксігендей. Бұл жол, менің білуімше, бейнеті көп, зейнеті мол жол еді. Бұл жолдағы адам көне де болса жаңы жас біздің жаңа социализм ғасырында тарихи балғындыққа ие болған қазақ ұлтының перзенті болатын. Ол батырша жүріп кетті. Батырша деген тәцеу Мұхтар үшін жаңа да емес, бірақ осылай демей де болмайды, неге десеніз, оның өз халқы үшін сіңірген енбегін ақынға айналған батырдың ерлігіне балап айтуға тиіспіз».

Әділ сөз бе деймін!

Мұхтардың Шынғыста көргені, білгені, ішіне түйгені тек «Көксерек» әңгімесін ғана туғызып қойған жоқ. Оның жазғандарының көбі-ақ өзі көзімен көріп, көңіліне тоқыған жайлар. Басқаны былай қойғанда «Абай» эпопеясының тууына себепкер болған Абай көзі тірісінде Эйгерім қолынан жеген тәтті-конфет, аңшылық, алтыбақан, ақ сүйек, жер таласы, ел таласы, ән мен күй, ойын-сауық, саят-серуен емес пе еді? Иә, нақ солай. Мен болсам, туыстық қакымды өтеп, аяулы Мұхтардың тек балалық шағын айттым. Оның жазушылық жолын сәті түсіп, иіні келсе, тағы да бірде айтармын.

МАЗМУНЫ

| | |
|----------------------------------|----|
| Алғашкы сөз | 3 |
| Бұл — тарих | 3 |
| Алға озын кеткенде | 12 |
| Алғашқы сабак | 17 |
| Толғаныста | 19 |
| Тайға міндік | 20 |
| Ана көнілі балада | 22 |
| Сыбанның моласында | 23 |
| Мейірімді мектеп | 25 |
| Тағы да ауылда | 28 |
| Әсердің әсері бар | 30 |
| Мына бір жартасты-ай! | 36 |
| Саятта | 40 |
| «Көксерек» осылай туған. | 45 |

Әуезов Ахмет.
БАЛА МҰХТАР.
Жазып алған Жақынбек Аяшев.
Алматы, «Жазушы», 1967.
62 бет.

Aхмет Ауэзов

МОЛОДОЙ МУХТАР

(На казахском языке)

Издание издательства «Жазушы» — 1967

Оформление художника Э. Поляковой

Редакторы С. Бакбергенов, М. Гумеров.
Художественный редактор И. Исабаев
Технический редактор П. Вальчук
Корректоры Н. Буkenбаева, К. Утегенова.

Сдано в набор 15/XII—66 г. Издат. № 20.
Подписано к печати 13/III—67 г. УГ00446.
Бумага тип. № 2, 84×108 $\frac{1}{32}$ =1, 625 печ. лист.
Усл. печ. 2,73 листа. (Уч.-издат. 2,86 л.).
Тираж 24000 экз. Цена 8 коп.

Алма-Ата, Полиграфкомбинат Главполиграфпрома Государственного комитета Совета Министров КазССР по печати.
Заказ № 6